

«Евразия» сақтандыру компаниясы» АҚ

2022 жылдың 31 желтоқсанында
аяқталған жылға
шоғырландырылған қаржылық есептілік

Мазмұны

| | |
|--|-------|
| Тәуелсіз аудиторлардың аудиторлық есебі | |
| Пайда немесе залал және өзге жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп | 6 |
| Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп | 7 |
| Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп | 8 |
| Меншікті капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп | 9–10 |
| Шоғырландырылған қаржылық есептілігіне ескертпелер | 11–78 |



«КПМГ Аудит» жауапкершілігі шектеулі серіктестік
Қазақстан, А25D6Т5, Алматы,
Достық д-лы, 180,
+7 (727) 298-08-98

Товарищество с ограниченной ответственностью «КПМГ Аудит»
Казахстан, А25D6Т5, Алматы,
пр. Достык, 180

Тәуелсіз аудиторлардың аудиторлық есебі

«Евразия» сақтандыру компаниясы» АҚ Акционерлеріне және Директорлар кеңесіне

Пікір

Біз 2022 жылдың 31 желтоқсанындағы қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есебінен, көрсетілген күні аяқталған жыл бойынша пайда немесе залал және басқа жиынтық табыс, меншікті капиталдағы өзгерістер және ақша қаражаттарының қозғалысы туралы шоғырландырылған есептерден, сондай-ақ, есеп саясатының маңызды тұжырымдамалары мен басқа түсіндірмелі ескертпелерден тұратын «Евразия» сақтандыру компаниясы» АҚ (әрі қарай, «Компания») және оның еншілес кәсіпорындарының (әрі қарай, «Топ») шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудитін жүргіздік.

Біздің пікірімізше, шоғырландырылған қаржылық есептілік Қаржылық есептілігінің халықаралық стандарттары жөніндегі Комитеті шығарған ҚЕХС стандарттарына (ҚЕХС стандарттары) сәйкес барлық елеулі қатынастарда Топтың 2022 жылдың 31 желтоқсанындағы шоғырландырылған қаржылық жағдайын және көрсетілген күні аяқталған жыл бойынша шоғырландырылған қаржылық нәтижелерін және шоғырландырылған ақша қаражаттарының қозғалысын әділ көрсетеді.

Пікір білдіруге негіздеме

Біз Аудиттің халықаралық стандарттарына сәйкес аудит жүргіздік. Осы стандарттар бойынша біздің жауапкершілігіміз одан әрі есебіміздің «Шоғырландырылған қаржылық есептілік аудитіне аудиторлардың жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған. Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық әдеп стандарттары Кеңесінің кәсіби бухгалтерлерге арналған әдеп кодексіне («БАХӘСК кодексі») және біздің шоғырландырылған қаржылық есептіліктің аудитіне тиісті Қазақстан Республикасында қолданылатын әдептілік талаптарға сәйкес Топқа қатысты тәуелсіз болып табыламыз және біз басқа да әдептілік міндеттемелерді аталған талаптар мен БАХӘСК кодексіне сәйкес орындадық. Біз алған аудиторлық дәлелдер біздің пікірімізді білдіруге негіздеме болуға жеткілікті және тиісті деп есептейміз.

Шоғырландырылған қаржылық есептілік үшін басшылықтың және басқару өкілеттілігіне ие тұлғалардың жауапкершілігі

Басшылық ҚЕХС стандарттарына сәйкес шоғырландырылған қаржылық есептіліктің дайындауы мен әділ ұсынылуына және де алаяқтық әрекеттер немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрмаланбаған шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау үшін басшылық қажет деп анықтайтын ішкі бақылау жүйесіне жауапты.



Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындауда басшылық Топтың үздіксіз қызметін жалғастыру қабілетін бағалау, сәйкес жағдайларда үздіксіз қызметке қатысты мәселелерді ашып көрсету және басшылық Топты жауып тастауға немесе оның операцияларын тоқтатуды ниеттеніп отырған немесе одан басқа нақты балама нұсқасы болмаған жағдайларды қоспағанда бухгалтерлік есептің үздіксіз қызмет негізін қолдану үшін жауапты.

Басқару өкілеттілігіне ие тұлғалар Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындауды қадағалауға жауапты.

Шоғырландырылған қаржылық есептілік аудитіне аудиторлардың жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз шоғырландырылған қаржылық есептіліктің толығымен алаяқтық әрекеттер немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрмаланбағандығы туралы ақылға қонымды сенімділік алу және де біздің пікіріміз енетін аудиторлардың есебін шығару. Ақылға қонымды сенімділік жоғары дәрежедегі сенімділікті білдіреді, бірақ АХС-ға сәйкес жүргізілген аудит бар болған кездегі елеулі бұрмалануларды әрқашан табатындығына кепіл болып табылмайды. Бұрмаланулар алаяқтық әрекеттер немесе қателіктердің нәтижесі болуы мүмкін және де егер олар жеке немесе жиынтық түрінде осы шоғырландырылған қаржылық есептілік негізінде қабылданатын экономикалық шешімдерге ықпал етуі негізді түрде жорамалданса, маңызды болып саналады.

АХС-ға сәйкес жүргізілген аудит шеңберінде біз кәсіби пайымдауды қолданамыз және аудит бойы кәсіби күмәншілдікті сақтаймыз. Одан бөлек біз келесілерді орындаймыз:

- алаяқтық әрекеттер немесе қателіктер салдарынан шоғырландырылған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелін анықтаймыз және бағалаймыз және де осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді әзірлейміз және өткіземіз және де біздің пікірімізді білдіру үшін негіз болатын жеткілікті және тиісті аудиторлық дәлелдер аламыз. Алаяқтық әрекеттер нәтижесінде елеулі бұрмалануларды анықтамау тәуекелі қателіктер нәтижесінде елеулі бұрмалануларды анықтамау тәуекелінен жоғары, өйткені алаяқтық әрекеттер сөз байласу, жалғандық, қасақана өткізу, ақпаратты немесе әрекетті бұрмалап көрсетулерді немесе ішкі бақылау жүйесін айналып өтуді қамтуы мүмкін;
- жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық рәсімдерді әзірлеу мақсатымен, бірақ Топтың ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірді білдіру мақсатынсыз, аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесінің түсінігін аламыз;
- қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын және бухгалтерлік бағалаулардың негізділігін және басшылықпен дайындалған ашып көрсетілген ақпаратты бағалаймыз;
- басшылықтың бухгалтерлік есептің үздіксіз қызмет негізін қолдануының заңдылығы туралы қорытынды жасаймыз және де алынған аудиторлық дәлелдер негізінде Топтың үздіксіз қызметін жалғастыру қабілетіне елеулі күмән туғызуы мүмкін оқиғалар немесе шарттарға байланысты елеулі белгісіздіктің бар-жоқтығы туралы қорытынды жасаймыз. Егер біз елеулі белгісіздік бар деген қорытындыға келсек, біздің аудиторлардың есебінде шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі сәйкес ашып көрсетілген ақпаратқа назар аудартуымыз керек немесе осындай ашып көрсетілген ақпарат орынсыз болса, пікірімізді түрлендіруіміз керек. Біздің қорытындыларымыз біздің аудиторлардың есебінің күніне дейін алынған аудиторлық дәлелдерге негізделген. Алайда болашақ оқиғалар немесе шарттар Топтың үздіксіз қызметті жалғастыру қабілетінің жоғалуына әкелуі мүмкін;



- шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ашып көрсетілген ақпараты енетін бүтіндей ұсынылуын, құрылымы мен мазмұнын, және де шоғырландырылған қаржылық есептіліктің негізінде жатқан операциялар мен оқиғаларды әділ ұсынылуын қамтамасыз етілетіндей көрсетуін бағалаймыз;
- шоғырландырылған қаржылық есептілік туралы пікір білдіру үшін мекемелердің қаржылық ақпаратына немесе Топ ішіндегі іскерлік әрекеттерге қатысты жеткілікті, тиісті аудиторлық дәлелдер аламыз. Біз топтық аудитті бағыттау, бақылау және жүргізу үшін жауап береміз. Біз аудиторлық пікіріміз үшін толығымен жауапты болып қаламыз.

Біз басқару өкілеттілігіне ие тұлғаларға, тым болмағанда, аудиттің жоспарланған көлемі мен уақытын, сондай-ақ, біз аудит барысында анықтайтын ішкі бақылау жүйесінің елеулі кемшіліктері енетін аудиттің елеулі табуларын айтып білдіре отырамыз.

Аудиттің нәтижесі болып табылатын тәуелсіз аудиторлардың есебінің келісім партнері:

Кузнецов А. А.
Аудит жөніндегі партнер



Нездемковский Сергей Викторович
Қазақстан Республикасының
сертификатталған аудиторы
2014 жылдың 2 маусымында берілген
№ МФ-0000182 аудитордың біліктілік куәлігі

«КПМГ Аудит» ЖШС

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі аудиторлық қызмет жүргізу үшін
2006 жылдың 6 желтоқсанында берген мемлекеттік лицензияның №0000021

Дементьев С. А.
«КПМГ Аудит» ЖШС Жарғы негізінде
әрекет ететін Бас директоры

28 сәуір 2023 жыл

«Евразия» сақтандыру компаниясы» АҚ
2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойынша пайда немесе залал және өзге жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп

| | | 2022 ж. мың теңге | 2021 ж. мың теңге |
|--|----|------------------------------|------------------------------|
| Есептелген сақтандыру сыйақылары, брутто | 5 | 171,304,185 | 152,049,605 |
| Қайта сақтандырушыларға берілген есептелген сақтандыру сыйақылары | 5 | (10,347,050) | (4,539,826) |
| Есептелген сақтандыру сыйақылары, нетто | | 160,957,135 | 147,509,779 |
| Аққұла сыйақылар резервінің өзгеруі, брутто | 5 | (21,835,366) | (16,059,453) |
| Аққұла сыйақылар резервінің өзгеруіндегі қайта сақтандырушылардың үлесі | 5 | 430,524 | (166,776) |
| Еңбекпен табылған сақтандыру сыйақылары, нетто | | 139,552,293 | 131,283,550 |
| Төленген кінәрат-талаптар | 6 | (56,729,345) | (28,571,681) |
| Төленген кінәрат-талаптардағы қайта сақтандырушылардың үлесі | 6 | 31,259 | 45,660 |
| Регрестік талап бойынша өтеуге байланысты кірістер | 6 | 595,542 | 411,049 |
| Орын алмаған залалдар резервіндегі өзгерісті қоса алғанда, реттелмеген және кінәраттар бойынша резервтердегі өзгеріс, брутто | 6 | (26,813,171) | (50,937,032) |
| Реттелмеген кінәраттар бойынша резервтердегі қайта сақтандырушылар үлесінің өзгеруі | 6 | 532,733 | 613,643 |
| Орын алмаған залалдар резервіндегі өзгерістерді қоса алғанда, келтірілген кінәраттар | | (82,382,982) | (78,438,361) |
| Таза қаржылық кіріс | 7 | 31,138,418 | 22,163,987 |
| Сату үшін қолда бар қаржы активтерін сатудан түскен таза өткізілген кіріс | | 3,474,764 | 2,646,745 |
| Шетел валютасымен жасалған операциялардың таза кіріс | | 9,322,552 | 2,484,206 |
| Таза комиссия шығындар | 8 | (22,100,099) | (17,435,142) |
| Құнсыздану залалының есептелуі | 9 | (2,452,378) | (227,096) |
| Жалпы әкімшілік шығындар | 10 | (30,327,230) | (27,560,519) |
| Өзге операциялық кіріс, нетто | | 221,182 | 737,516 |
| Салық алынғанға дейінгі пайда | | 46,446,520 | 35,654,886 |
| Табыс салығы бойынша шығын | 11 | (3,764,339) | (3,416,568) |
| Бір жылғы пайда | | 42,682,181 | 32,238,318 |
| Табыс салығын алып тастағаннан кейінгі өзге жиынтық кіріс | | | |
| <i>Пайда немесе залал құрамына қайта сыныпталған немесе қайта сыныпталуы мүмкін баптары:</i> | | | |
| Сатуға арналған, қолда бар қаржылық активтерінің қайта бағалану резерві: | | | |
| - Әділ құнының таза өзгеруі | | (8,801,238) | 11,695,706 |
| - Табыс салығын шегергенде пайда немесе залал құрамына ауыстырылған әділ құнның таза өзгеруі | | (2,470,953) | (1,932,452) |
| Табыс салығын шегергендегі бір жылдағы өзге жиынтық кіріс | | (11,272,191) | 9,763,254 |
| Бір жылғы жиынтық кірістің барлығы | | 31,409,990 | 42,001,572 |

Басқарма б.78 беттерде ұсынылған шоғырландырылған қаржылық есептілікті 2023 жылғы 28 сәуірде мақұлдады.



Кабдолов С.Е.
Басқарма төрағасының м.а.

Нурпейсова Г.М.
Бас бухгалтердің м.а.

Пайда немесе залал және өзге жиынтық табыс туралы шоғырландырылған есеп осы шоғырландырылған қаржылық есептілікке оның ажырамас бөлігі болып табылатын ескертпелермен бірге қаралуы тиіс.

| | Ескертпе | 2022 ж. мың теңге | 2021 ж. мың теңге |
|---|----------|----------------------|----------------------|
| АКТИВТЕР | | | |
| Ақша қаражаты және оның баламалары | 12 | 18,430,764 | 17,145,586 |
| Қолда бар, сатуға арналған қаржы активтері | 13 | 34,662,599 | 52,238,579 |
| Өзгерістері кезең ішіндегі пайданың немесе залалдың құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын қаржы құралдары | | 53,261 | 45,330 |
| Өтеу мерзіміне дейін ұсталатын инвестициялар | | | |
| - Топтың меншігіндегі | 14 | 351,573,076 | 290,016,995 |
| - «РЕПО» мәмілелері бойынша кепіл ауыртпалығы | 14 | - | 4,182,430 |
| Инвестициялық меншік | 15 | 4,532,241 | 5,458,624 |
| Негізгі құралдар және материалдық емес активтер | 16 | 5,672,898 | 4,511,440 |
| Кейінге қалдырылған аквизициялық шығындар | 8 | 33,455,894 | 20,980,888 |
| Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша дебиторлық берешек | 17 | 26,447,621 | 21,079,716 |
| Ағымдағы салық активі | | - | 361,293 |
| Сақтандыру шарттарының резервіндегі қайта сақтандырушылардың үлесі | 18 | 2,337,270 | 1,374,013 |
| Өзге активтері | 19 | 1,414,913 | 634,589 |
| Активтерінің барлығы | | 478,580,537 | 418,029,483 |
| МІНДЕТТЕМЕЛЕР | | | |
| Сақтандыру шарттары бойынша резервтер | 18 | 239,668,222 | 191,019,685 |
| Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша кредиттік берешек | 20 | 2,665,364 | 1,980,025 |
| «РЕПО» мәмілелері бойынша кредиттік берешек | 21 | - | 3,975,311 |
| Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері | 11 | 373,237 | 1,482,616 |
| Ағымдағы салық міндеттемелері | | 149,091 | - |
| Өзге міндеттемелер | 22 | 1,870,945 | 1,078,158 |
| Міндеттемелердің жиыны | | 244,726,859 | 199,535,795 |
| МЕНШІКТІ КАПИТАЛ | | | |
| Акционерлік капитал | 23(а) | 178,211,607 | 161,903,856 |
| Тұрақтандыру резерві | 23(г) | 157,099 | 276,629 |
| Өзге резервтер | 23(д) | 645,049 | 188,307 |
| Сатуға арналған, қолда бар қаржылық активтерінің қайта бағалану резерві | | 11,095,313 | 22,367,504 |
| Бөлінбеген пайда | | 43,744,610 | 33,757,392 |
| Меншікті капиталының барлығы | | 233,853,678 | 218,493,688 |
| Міндеттемелер және меншікті капиталдың барлығы | | 478,580,537 | 418,029,483 |

| | 2022 ж. мың тенге | 2021 ж. мың тенге |
|---|----------------------|----------------------|
| ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТТАРЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ | | |
| Бір жылғы пайда | 42,682,181 | 32,238,318 |
| <i>Түзетулер:</i> | | |
| Амортизация | 585,161 | 587,753 |
| Құнсызданудан келтірілген залалдың есептелуі | 2,452,378 | 227,096 |
| Таза қаржылық кіріс | (31,138,418) | (22,163,987) |
| Сату үшін қолда бар қаржы активтерін сатудан түскен таза өткізілген кіріс | (3,474,764) | (2,646,745) |
| Шетел валюталарымен жасалған операцияларынан түскен іске асырылмаған пайда | (9,322,552) | (2,484,206) |
| Негізгі құралдардың және материалдық емес активтерінің шығуынан түскен пайда | - | (620) |
| Сыйлықақылар мен демалыстар бойынша есептелген резерв | 670,219 | (28,685) |
| Табыс салығының шығыны | 3,764,339 | 3,416,568 |
| Айналымдағы капиталының өзгеруіне дейінгі операциялық пайда | 6,218,544 | 9,145,492 |
| Операциялық активтердің (ұлғаюы)/кемуі | | |
| Сақтандыру шарттарының резервтеріндегі қайта сақтандырушылардың үлесі | (963,257) | (446,867) |
| Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша дебиторлық берешек | (4,184,086) | (7,372,211) |
| Кейінге қалдырылған аквизициялық шығын | (12,475,006) | (10,206,550) |
| Өзге активтер | (865,131) | 111,427 |
| Операциялық міндеттемелердің (ұлғаюы)/кемуі | | |
| Сақтандыру шарттарының резервтері | 48,648,537 | 66,996,485 |
| Сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша кредиттік берешек | 461,673 | (717,359) |
| Өзге міндеттемелер | 113,211 | (42,709) |
| Операциялық қызметтен пайыздық және өзге де қаржылық кіріске және табыс салығын төлеуге дейінгі ақша қаражатының таза түсімі | 36,954,485 | 57,467,708 |
| Алынған пайыздық және өзге қаржылық кіріс | 30,155,122 | 23,662,385 |
| Төленген табыс салығы | (3,359,523) | (3,584,341) |
| Операциялық қызметтен ақша қаражаттардың түсуі | 63,750,084 | 77,545,752 |
| ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ | | |
| Сатуға арналған қолда бар қаржы активтерін сату | 10,442,764 | 6,181,426 |
| Сатуға арналған қолда бар қаржы активтерін сатып алу | (3,901) | (6,305,743) |
| Өтеу мерзіміне дейін ұсталатын инвестицияларды сатып алу | (79,938,438) | (102,721,647) |
| Өтеу мерзіміне дейін ұсталынған инвестицияларды өтелуі | 27,549,394 | 45,282,450 |
| Өзгерістері кезең ішінде пайданың немесе залалдың құрамында көрсетілетін әділ күн бойынша бағаланатын қаржы құралдарын сатып алу | (7,931) | (45,330) |
| Инвестициялық мүлікті сатып алу | - | (912,878) |
| Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің сатып алу | (824,214) | (342,435) |
| Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің сатылуынан түскен түсім | 5,577 | 41,541 |
| Инвестициялық қызметте ақша қаражатын таза пайдалану | (42,776,749) | (58,822,616) |
| ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН ТҮСКЕН АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ | | |
| «РЕПО» мәмілелері бойынша ақша қаражатының түсуі | 383,032 | 72,624,437 |
| «РЕПО» мәмілелері бойынша ақша қаражатының істен шығуы | (4,358,343) | (74,180,470) |
| Акционерлік капиталының шығарылуынан түскен түсім | 16,307,751 | 26,438,339 |
| Төленген дивидендтер | (32,357,789) | (44,618,339) |
| Қаржылық қызметіне ақша қаражатын таза пайдалану | (20,025,349) | (19,736,033) |
| Ақшалай қаражатының және оның баламаларының таза ұлғаюы/кемуі | 947,986 | (1,012,897) |
| Валюта бағамдары өзгерістерінің ақша қаражаты мен оның баламаларының шамасына әсері | 337,192 | (56,118) |
| Жыл басындағы жағдай бойынша ақшалай қаражаты және оның баламалары | 17,145,586 | 18,214,601 |
| Жыл соңындағы жағдайы бойынша ақшалай қаражаты және оның баламалары (12-ескертпе) | 18,430,764 | 17,145,586 |

| мың теңге | Акциялар меншігі капитал | Тұрақтан-дырушы сақтық резерв | Басқа резервтер | Сатуға арналған қолда бар қаржы активтерін қайта бағалау бойынша резерв | Бөлінбеген пайда | Меншікті капиталдың жиынтығы |
|--|--------------------------|-------------------------------|-----------------|---|------------------|------------------------------|
| 2021 жылдың 1 қаңтарындағы қалдық | 135,465,517 | 5,816,650 | 256,424 | 12,604,250 | 40,529,275 | 194,672,116 |
| Жалпы жиынтық кіріс | - | - | - | - | 32,238,318 | 32,238,318 |
| Бір жылдағы пайда | - | - | - | 9,763,254 | - | 9,763,254 |
| Өзге жиынтық кіріс | - | - | - | 9,763,254 | - | 9,763,254 |
| Табыс салығын шегере отырып сатуға арналған қолда бар қаржы активтерінің әділ құнындағы таза өзгеруі | - | - | - | 9,763,254 | - | 9,763,254 |
| Жалпы өзге жиынтық кіріс | - | - | - | 9,763,254 | 32,238,318 | 42,001,572 |
| Бір жылдағы жалпы жиынтық кіріс | 26,438,339 | - | - | - | - | 26,438,339 |
| Тікелей меншікті капиталының құрамында көрсетілген, меншік иелерімен жасалған операциялар | - | - | - | - | (44,618,339) | (44,618,339) |
| Шығарылған акциялар (23 (а) ескертпе) | - | - | - | - | - | - |
| Жарияланған және төленген дивидендтер (23 (в) ескертпе) | - | (5,540,021) | - | - | 5,540,021 | - |
| Тұрақтандыру резервіне аудару (23(г) ескертпе) | - | - | (68,117) | - | 68,117 | - |
| Өзге резервтерге аудару | - | - | - | - | - | - |
| Меншік иелерімен жасалған операциялардың барлығы | 26,438,339 | (5,540,021) | (68,117) | - | (39,010,201) | (18,180,000) |
| 2021 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық | 161,903,856 | 276,629 | 188,307 | 22,367,504 | 33,757,392 | 218,493,688 |

| мың теңге | Акцияонерлік капитал | Тұрақтан-дырушы сақтық резерв | Баска резервтер | Сатуға арналған қолда бар қаржы активтерін қайта бағалау бойынша резерв | Бөлінбеген пайда | Меншікті капиталдың жиынтығы |
|--|----------------------|-------------------------------|-----------------|---|---------------------|------------------------------|
| 2022 жылдың 1 қаңтарындағы қалдық | 161,903,856 | 276,629 | 188,307 | 22,367,504 | 33,757,392 | 218,493,688 |
| Жалпы жиынтық кіріс | | | | | | |
| Бір жылдағы пайда | - | - | - | - | 42,682,181 | 42,682,181 |
| Баска жиынтық кіріс | | | | | | |
| <i>Пайда немесе залал құрамына сыныпталған немесе қайта сыныпталатын баптар:</i> | | | | | | |
| Табыс салығын шегере отырып сатуға арналған қолда бар қаржы активтерінің әділ құнындағы таза өзгеруі | - | - | - | (11,272,191) | - | (11,272,191) |
| Жалпы өзге жиынтық кіріс | | | | | | |
| Бір жылдағы жалпы жиынтық кіріс | - | - | - | (11,272,191) | - | (11,272,191) |
| Тікелей меншікті капиталының құрамында көрсетілген, меншік иелерімен жасалған операциялар | | | | | | |
| Шығарылған акциялар (23 (а) ескертпе) | 16,307,751 | - | - | - | - | 16,307,751 |
| Жарияланған және төленген дивидендтер (23 (в) ескертпе) | - | - | - | - | (32,357,751) | (32,357,751) |
| Тұрақтандыру резервіне аудару (23 (г) ескертпе) | - | (119,530) | - | - | 119,530 | - |
| Өзге резервтерге аудару | - | - | 456,742 | - | (456,742) | - |
| Меншік иелерімен жасалған операциялардың барлығы | 16,307,751 | (119,530) | 456,742 | - | (32,694,963) | (16,050,000) |
| 2022 жылғы 31 желтоқсандағы қалдық | 178,211,607 | 157,099 | 645,049 | 11,095,313 | 43,744,610 | 233,853,678 |

Меншікті капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп осы шоғырландырылған қаржылық есептілікке оның ажырамас бөлігі болып табылатын ескертпелермен бірге қаралуы тиіс.

1 Есеп беретін кәсіпорын

(а) Ұйымдастырушылық құрылымы және қызметі

Ұсынылған шоғырландырылған қаржылық есептілік «Евразия» сақтандыру компаниясы» АҚ (бұдан әрі - «Компания») және оның еншілес ұйымы «Евразия» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ (бұдан әрі - «Топ») қаржылық есептілігін қамтиды.

«Евразия» сақтандыру компаниясы» АҚ Қазақстан Республикасында 1995 жылдың мамырында «Евразия» акционерлік сақтандыру компаниясы ретінде құрылды. 1999 жылдың 21 қаңтарында Компания «Евразия» сақтандыру компаниясы» ашық акционерлік қоғамы болып қайта тіркелді. 2005 жылғы 21 мамырда Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Компания Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде айқындалған мағынада акционерлік қоғамға қайта тіркелді. Соңғы қайта тіркеу 2009 жылғы 26 маусымда «Евразиялық қаржы компаниясы» АҚ бас компания болған кезде орын алды.

Компанияның Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша қызметті жүзеге асыруға берген 2022 жылғы 26 желтоқсандағы № 2.1.20 лицензиясы бар.

2018 жылғы 19 қарашада Компания «Евразия» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ еншілес кәсіпорнын құрды. 2019 жылғы 4 наурызда «Евразия» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ «өмірді сақтандыру» саласы бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия алды. 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша компания еншілес кәсіпорындағы 100% қатысу үлесіне ие болды.

Топтың негізгі қызметі автокөлік құралдары, мүлік, жүк, көлік құралдары, әуе, темір жол және су көлігі иелерінің жауапкершілігін сақтандыру және қайта сақтандыру, өмірді сақтандыру, аннуитеттік сақтандыру, жазатайым жағдайлардан сақтандыру және сақтандырудың басқа да түрлері болып табылады.

Топтың заңды мекен-жайы: А05D7G5, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Желтоқсан к-сі, 59. Топтың бас кеңсесі Алматы қаласында орналасқан, Топтың Қазақстан Республикасының аумағында 2022 жылғы 31 желтоқсанға 39 филиалы бар (2021 жылғы 31 желтоқсанға: 36 филиал).

2022 жылғы 31 желтоқсандағы және 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Компания акционерлері:

| | 31 желтоқсан 2022 ж., % | 31 желтоқсан 2021 ж., % |
|----------------------------------|----------------------------|----------------------------|
| Акционерлер: | | |
| «Евразиялық қаржы компаниясы» АҚ | 95 | 95 |
| Уманов Борис Григорьевич | 5 | 5 |
| Барлығы | 100 | 100 |

(б) Қазақстан Республикасында қаржы-шаруашылық қызметті іске асыру талаптары

Компанияның қызметі негізінен Қазақстанда жүзеге асырылады. Тиісінше, Компанияның бизнесіне дамушы нарықтың ерекшеліктері тән Қазақстанның экономикасы мен қаржы нарықтары әсер етеді. Құқықтық, салық және әкімшілік жүйелер дамуын жалғастыруда, алайда олардың талаптарын түсіндірудің екіұштылық тәуекелімен ұштасады, олар басқа да заңдық және фискалдық кедергілермен бірге Қазақстанда бизнес жүргізетін кәсіпорындар үшін қосымша проблемалар туғызады. Әлемдік нарықтардағы мұнай бағасының тұрақсыздығы мен коронавирустық инфекцияның пандемиясы және Ресей мен Украина төңірегіндегі тұрақсыз геосаяси жағдай да Қазақстандағы экономикалық белгісіздік деңгейін арттыруда.

Ұсынылған қаржылық есептілік Компания басшылығының Қазақстандағы бизнесті жүргізу жағдайларының Компанияның қызметі мен қаржылық жағдайына қандай әсер ететініне көзқарасын көрсетеді. Болашақ экономикалық жағдайлардың нақты әсері олардың Компания басшылығының бағалауынан өзгеше болуы мүмкін.

2 Есепке алу негіздері

(а) ҚЕХС-ке сәйкестігі туралы мәлімдеме

Қоса беріліп отырған шоғырландырылған Қаржылық есептіліктің халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі - «ҚЕХС») сәйкес дайындалды.

Топ 4-ші «Сақтандыру шарттары» ҚЕХС-ке (IFRS) сәйкес рұқсат етілетін 9-ші «Қаржы құралдары» ҚЕХС-ті (IFRS) қолдану қажеттілігінен уақытша босатуды пайдаланды және бұрын қандай да бір 9-ҚЕХС (IFRS) нұсқаны, атап айтқанда 2018 жылдың 1 қаңтарына дейін басталған жылдық мерзімде ұйымның қарауы бойынша пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланып жіктелетін қаржылық міндеттемелер бойынша пайда немесе залал сомасын ұсынуға қойылатын талаптарды қолданбаған. Тиісінше, Топ 2023 жылдың 1 қаңтарда бір күнге толық көлемде 9-ҚЕХС-ті (IFRS) бастапқы қолдануды жоспарлап отыр.

(б) Қаржылық көрсеткіштерді бағалау принциптері

Шоғырландырылған қаржылық есептілік сату үшін қолда бар қаржы активтері мен өзгерістері кезең ішіндегі пайданың немесе залалдың құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын қаржы құралдарын қоспағанда, нақты шығындар бойынша есепке алу қағидатына сәйкес дайындалды.

(в) Функционалдық валюта және шоғырландырылған қаржылық есептілік деректерін ұсыну валютасы

Топтың функционалдық валютасы қазақстандық теңге болып табылады, ол Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы бола отырып, Топ жүргізетін операциялардың көпшілігінің және оның қызметіне әсер ететін олармен байланысты жағдайлардың экономикалық мәнін ең жақсы бейнелейді. Қазақстандық теңге осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің деректерін ұсыну валютасы болып табылады. Шоғырландырылған қаржылық есептіліктің барлық деректері тұтас мың теңгеге дейінгі дәлдікпен дөңгелектелген.

(г) Бағалау мен пайымдамаларды қолдану

ХҚЕС сәйкес шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау басшылықтың есеп саясатының ережелері қалай қолданылатынына және активтер, міндеттемелер, кірістер мен шығындар қандай сомада көрсетілуіне әсер ететін кәсіби пайымдауларды, жорамалдар мен есептік бағаларды пайдалануды талап етеді. Нақты нәтижелер осы бағалардан өзгеше болуы мүмкін.

Жорамалдар мен олардың негізінде жасалған есептік бағалаулар оларды өзгерту қажеттілігі тұрғысынан үнемі талданады. Бағалаудағы түзетулер тиісті бағалар қайта қаралған есепті кезеңде және олар қозғайтын кез келген кейінгі кезеңдерде танылады.

Пайымдамалар

Есеп саясатының ережелерін қолдану процесінде қалыптасқан және шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілген сомаларға неғұрлым елеулі әсер еткен неғұрлым маңызды пайымдаулар туралы ақпарат мынадай ескертпелерде берілген:

- Топтың қызметі негізінен сақтандырумен байланысты ма, жоқ па бағалау – бағалау сипаттамасы төменде осы ескертпеде келтірілген.

Топтың қызметі негізінен сақтандырумен байланысты ма, жоқ па бағалау

9-ҚЕХС-ті (IFRS) қолдану қажеттілігінен уақытша босату қызметі негізінен сақтандырумен байланысты ұйымдар үшін қолданылады. Осы босатуды қолдану мүмкіндігі нақты есеп беретін ұйым деңгейінде бағаланады, демек, осы ұйым деңгейінде қолданылады – яғни ол есеп беретін ұйымда бар барлық қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелерге қолданылады.

Топ 9-ҚЕХС-ті (IFRS) қолдану қажеттілігінен уақытша босатуды пайдаланды, өйткені:

- Топ бұрын 9-ҚЕХС (IFRS) қандай да бір нұсқасын қолданбаған; және

- Топтың қызметі тұтастай алғанда 2016 жылғы 1 сәуірде алдын ала болған, яғни 2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша жылдық есепті күнге сақтандырумен байланысты.

4-ҚЕХС-ке (IFRS) сәйкес сақтандырушының қызметі көбіне сақтандырумен байланысты, егер:

- (а) 4-ҚЕХС-ті (IFRS) қолдану саласына жататын шарттардың нәтижесінде туындайтын, сақтандыру шарттарынан бөлінген кез келген депозиттік құрамдас бөліктерді немесе кіріктірілген туынды құралдарды қамтитын оның міндеттемелерінің баланстық құны оның міндеттемелерінің жалпы баланстық құнымен салыстырғанда елеулі болып табылады; және
- (б) сақтандырумен байланысты оның міндеттемелерінің баланстық құнының оның барлық міндеттемелерінің жалпы баланстық құнына қатысты пайыздық арақатынасы 90%-дан астамын құрайды.

4-ҚЕХС-ке (IFRS) сәйкес сақтандырумен байланысты міндеттемелер, оның ішінде:

- (а) 4-ҚЕХС-ті (IFRS) қолдану саласына қатысты шарттар бойынша туындайтын міндеттемелер;
- (б) сақтандырушы (а) тармағында көрсетілген шарттар жасасуы немесе осы шарттарда келісілген міндеттемелерді орындауы салдарынан туындайтын міндеттемелер. Мұндай міндеттемелерге осындай шарттармен, сондай-ақ осындай шарттарды қамтамасыз ететін активтермен байланысты тәуекелдерді азайту үшін пайдаланылатын туынды құралдарды, осындай шарттарда негізделген міндеттемелер бойынша салық салынатын уақытша айырмаларға қатысты кейінге қалдырылған тиісті салық міндеттемелері секілді және сақтандырушының реттеуші капиталының құрамына енгізілетін шығарылған борыштық құралдарды, сақтандыру қызметіне тартылған қызметкерлерге жалақы және басқа да сыйақы түрлері бойынша міндеттемелерді қамтиды.

2015 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 4ҚЕХС-ті (IFRS) қолдану саласына жататын шарттар бойынша туындайтын Топ міндеттемелерінің теңгерімдік құны 76,712,824 мың теңгені құрайды, бұл Топтың барлық міндеттемелерінің теңгерімдік құнының 97.7%-ын құрайды. Топ бұл сома оның барлық міндеттемелерінің жалпы баланстық құнымен салыстырғанда маңызды деп санайды, өйткені сақтандыру операциялары Топтың негізгі бизнесін құрайды.

Топ сақтандырумен байланыссыз, соның нәтижесінде ол табыс табуы немесе шығынға ұшырауы мүмкін қандай да бір елеулі қызметке қатыспайды. Топқа сақтандырушыларға қатысты барлық талаптар қолданылады, ол сақтандыру тәуекелін өзінің негізгі бизнес-тәуекелі ретінде қарайды. Бұдан басқа, Топ реттеуші органдар немесе Топтың шоғырландырылған қаржылық есебінің басқа пайдаланушылары Топқа басқа салалық сыныптамань қолданатынын көрсететін жалпыға қолжетімді ақпаратты қоса алғанда, ешқандай сандық немесе сапалық факторларды (немесе сол және басқаларды да) айқындамады.

Орындалған бағалау негізінде Топ 2015 жылдың 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ қызметі негізінен сақтандырумен байланысты екенін бекітеді. 2015 жылғы 31 желтоқсаннан кейін Топтың операцияларында елеулі өзгерістер болмағандықтан, Топ келесі жылдық есепті күнге оның қызметі негізінен сақтандыруға байланысты болып табылатындығына қатысты қайта бағалауды орындамады.

Жорамалдар және бағалау белгісіздігі

Келесі есепті жылы шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілген активтер мен міндеттемелердің шамасын елеулі өзгерту талап етілетін елеулі тәуекелмен ұштасқан есептік бағаларға қатысты болжамдар мен белгісіздіктер туралы ақпарат мынадай ескертпелерде берілген:

- сақтандыру шарттары бойынша резервтер – 18-ескертпе;

- сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша дебиторлық берешектің құнсыздануына арналған резерв – 17-ескертпе;
- 17-ҚЕХС (IFRS) және 9-ҚЕХС (IFRS) қолданудың әсерін бағалау - 3 (с) ескертпе.

3 Есепке алу саясатының негізгі ережелері

Топ осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте ұсынылған барлық кезеңдерге есеп саясатының мынадай ережелерін дәйекті түрде қолданды.

(а) Шоғырландыру қағидалары

Топ бақылайтын кәсіпорын еншілес болып табылады. Топ инвестициялар объектісіне қатысудан түсетін ауыспалы табысқа байланысты тәуекелдерге ұшыраған немесе осындай табыс алуға құқығы бар және осы кірістің шамасына ықпал ету мақсатында осы кәсіпорынға қатысты өз өкілеттіктерін пайдалану мүмкіндігі болған кезде еншілес кәсіпорынды бақылайды. Еншілес кәсіпорындардың қаржылық есептілік көрсеткіштері бақылауды алған күннен бастап оны тоқтату күніне дейін шоғырландырылған қаржылық есептілік құрамында көрсетіледі. Еншілес кәсіпорындардың есеп саясаты оны топта қабылданған есеп саясатына сәйкес келтіру қажет болған жағдайларда өзгерістерге ұшырады.

Топ ішіндегі қалдықтар мен операциялар, сондай-ақ Топ ішіндегі операциялардан түскен іске асырылмаған кірістер мен шығындар элиминацияланады.

(б) Шетел валютасы

Шетел валютасында жүргізілетін операциялар осы операциялар жасалатын күні белгіленген айырбастау бағамдары бойынша Топтың функционалдық валютасына қайта есептеледі. Есеп беру күніндегі жағдай бойынша шетел валютасында көрсетілген ақша активтері мен міндеттемелер осы есеп беру күні қолданылатын функционалдық валютаға айырбастау бағамы бойынша ауыстырылады. Шетел валютасында көрсетілген ақша активтері және міндеттемелері операцияларынан түскен пайда немесе шығын тиімді пайыз мөлшерлемесі бойынша есептелген пайызға түзетілген есеп беру кезеңінің басында функционалдық валютада тиісті бабының көнертілген құны мен есеп беру кезеңіндегі төлемдер және осы есеп беру кезеңінің аяғында айырбас бағамы бойынша қайта есептелген шетел валютасында осы баптың көнертілген құны арасындағы айырма болып табылады. Шетел валютасында көрсетілген әділ құн бойынша бағаланатын ақшалай емес активтер мен міндеттемелер әділ құнды белгілеу күні қолданылатын айырбастау бағамы бойынша функционалдық валютада қайта есептеледі. Шетел валютасында көрсетілген және нақты шығындар бойынша көрсетілген ақшалай емес активтер мен міндеттемелер операция жасалған күні қолданыста болған валюталық бағам бойынша функционалдық валютаға аударылады. Шетел валютасына аудару нәтижесінде туындайтын бағамдық айырмалар, айырма құнсыздану салдарынан туындаған жағдайларды қоспағанда, сату үшін қолда бар үлестік қаржы құралдарын аудару кезінде туындайтын айырмаларды қоспағанда, пайда немесе шығын құрамында көрсетіледі, бұл жағдайда өзге жиынтық кіріс құрамында көрсетілген бағамдық айырмалар пайда немесе шығын құрамына қайта сыныпталады.

Топ 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде келесі валюта айырбастау бағамдарын пайдаланды:

| <i>Валюта</i> | <u>2022 ж.</u> | <u>2021 ж.</u> |
|-----------------|----------------|----------------|
| 1 АҚШ доллары | 462.65 | 431.80 |
| 1 еуро | 492.86 | 489.10 |
| 1 фунт стерлинг | 556.57 | 583.32 |
| 1 ресей рублі | 6.43 | 5.76 |

(в) Сақтандыру шарттары

(i) Шарттарды жіктеу

Егер белгілі бір болжалды келешектегі оқиға (бұдан әрі – «сақтандыру жағдайы») сақтанушыға немесе өзге де бенефициарға теріс әсер еткен жағдайда, Топ екінші Тараптың (бұдан әрі – «сақтанушы») елеулі сақтандыру тәуекелін өзіне қабылдайтын шарттар сақтандыру шарттары ретінде жіктеледі. Сақтандыру тәуекелі - бұл қаржылық тәуекелден өзгеше тәуекел.

Қаржылық тәуекел - бұл қаржылық емес ауыспалы, мұндай ауыспалылар сақтандыру шартының тараптары үшін тән болып табылмайтын жағдайда, болашақта бір немесе бірнеше белгілі бір сыйақы мөлшерлемелерінің, бағалы қағаздар құнының, тауарларға бағалардың, валюталық бағамның, бағалар индексінің немесе мөлшерлемелердің, несие рейтингтің немесе несие индекстің немесе басқа да ауыспалылардың өзгеруі ықтимал тәуекелі. Сақтандыру шарттары бойынша белгілі бір қаржылық тәуекел де берілуі мүмкін.

Сақтандыру тәуекелі, егер сақтандыру жағдайы Топтың елеулі қосымша сақтандыру сыйақыларын төлеу қажеттілігіне әкеп соғуы мүмкін жағдайда ғана маңызды болып табылады. Шарт сақтандыру шарты оны осындай деп таныған сәттен бастап және осы Шарт бойынша барлық құқықтар мен міндеттемелер орындалғанға немесе аяқталғанға дейін сыныпталады.

Сақтандыру тәуекелінің сақтанушыдан Топқа өтуі елеусіз болып табылатын сақтандыру шарттары қаржы құралдары ретінде сыныпталады.

(ii) Сақтандыру шарттарын тану және бағалау

Сыйақылар

Жалпы сақтандыру бойынша есептелген сыйақылар олардың жалпы немесе ішінара, келесі есептік кезеңге қатысы бар-жоғына қарамастан ағымдағы жылы күшіне енетін сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйақыларын қамтиды. Сыйақылар делдалдар комиссиясын қамтитын жалпы сомамен ұсынылған және сыйақылар бойынша салықтар мен алымдарды қамтымайды. Алынған сыйақылардың тапқан бөлігі табыс ретінде танылады. Сыйақылар сақтандыру тәуекелін азайту негізінде сақтандыру кезеңі ішінде барабар сақтандыру өтелуі басталған күннен бастап табыс деп танылады. Қайта сақтандыруға берілген сыйақылар қайта сақтандыру жөніндегі қызмет бойынша тәуекелдің азаюына сәйкес шығындар ретінде танылады. Танылмайтын қайта сақтандыруға берілген сыйақылардың бір бөлігі алдын ала төлем ретінде қарастырылады.

Өмірді сақтандырудан өзге сақтандыру бойынша еңбегі өтелмеген сыйақылардың резервтері және өмірді сақтандыру бойынша болмаған шығындар резервтері

Еңбегі өтелмеген сыйақылар бойынша резерв қабылданған жалпы сыйақылардың бір бөлігі болып табылады, ол келесі немесе кейінгі қаржы жылдарында пайда болады деп күтіліп отырғандай, күнделікті барабар әдісті пайдалана отырып, әрбір сақтандыру шарты үшін жеке есептеледі. Резерв сақтандыру шартымен жабылатын кезең ішінде тәуекел дәрежесінің кез келген өзгерістерін көрсету үшін қажет болған жағдайда түзетіледі.

Кінәрат-талаптар

Кінәраттар төленбеген кінәраттар бойынша резервтегі өзгеріспен қатар қаржы жылы ішінде төленген кінәрат-талаптарды реттеу жөніндегі талаптар мен шығындардан тұрады. Төленбеген шағымдар олардың мәлімделгеніне немесе болмағанына қарамастан, есепті күнге келтірілген, бірақ төленбеген барлық кінәраттарды түпкілікті реттеу бойынша бағалау шығындары шегінде компания құрған резервтерден, сондай-ақ кінәраттарды реттеу бойынша тиісті ішкі және сыртқы шығындардан тұрады. Төленбеген кінәраттар жеке кінәраттарды бағалау және болған, бірақ әлі мәлімделмеген кінәраттар үшін резервтер құру есебінен, мұндай кінәраттарды реттеу жөніндегі рәсімдерде өзгеріс, заңнамадағы өзгерістер, өткен тәжірибе мен үрдістер сияқты ішкі және сыртқы болжанатын факторлардың әсерін назарға ала отырып қалыптасады. Төленбеген кінәраттар бойынша резервтер дисконтталмайды.

Аннуитеттік шарттар бойынша орын алмаған шығындар резерві күтілетін болашақ міндеттемелердің дисконтталған құнының, аннуитеттік сақтандыру төлемдері бойынша шығындардың және пайдаланылған болжамдар негізінде болашақ ақша ағынын реттеу үшін талап етілетін күтілетін сақтандыру сыйақыларының дисконтталған құнын шегергендегі аннуитеттік сақтандыру шарттарын жүргізу бойынша әкімшілік шығындардың сомасы ретінде айқындалады.

Басшылық наразылықтар бойынша резервтер мен қайта сақтандыру есебінен байланысты өтемақылар қазіргі кездегі бар ақпараттың негізінде әділ көрсетілген деп есептесе де, соңғы міндеттеме кейінгі ақпараттың пайда болуы және оқиғалардың пайда болуы нәтижесінде өзгертін болады және құрылған резервтің елеулі түзетулеріне әкеп соғуы мүмкін. Өткен кезеңдерде қалыптастырылған кінәраттар бойынша резервтер сомалары бойынша түзетулер осындай түзетулер жүргізілген кезеңдегі шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетіледі және егер елеулі болып табылса, жеке ашылады. Пайдаланылатын әдістер мен жүргізілген бағалау тұрақты негізде қайта қаралады.

(iii) Шығыс қайта сақтандыру активтері

Топ сақтандыру және кіріс қайта сақтандыру бойынша тәуекелдердің бір бөлігін тәуекелдерді әртараптандыру арқылы өзінің таза ықтимал шығынын шектеу мақсатында әдеттегі қызмет барысында шығын қайта сақтандыруға береді. Шығын қайта сақтандыру бойынша шарттар жасасу нәтижесінде туындайтын активтер, міндеттемелер, кірістер мен шығындар тиісті сақтандыру шарттары бойынша тиісті активтерден, міндеттемелерден, кірістер мен шығындардан бөлек есепке алынады, өйткені қайта сақтандыру жөніндегі келісімдер Топты сақтандырушылар алдындағы оның тікелей міндеттемелерінен босатпайды.

Елеулі сақтандыру тәуекелін беруге әкелетін шарттар бойынша құқықтар ғана қайта сақтандыру жөніндегі активтер ретінде ескеріледі. Елеулі сақтандыру тәуекелі берілмейтін шарттар бойынша құқықтар қаржы құралдары ретінде ескеріледі.

Қайта сақтандыру бойынша берілген сақтандыру сыйақылары тиісті сақтандыру шарттары бойынша сыйақыларды тану негіздеріне сәйкес келетін негізде шығындар ретінде танылады. Жалпы сақтандыру бойынша қайта сақтандыру жөніндегі сыйлықақы қайта сақтандыруға жататын тәуекелдердің болжалды сипаты негізінде қайта сақтандыруды өтеудің қолданылу кезеңі ішіндегі шығындарға жатқызылады. Қайта сақтандыру бойынша берілген сыйақылардың жұмсалмаған бөлігі қайта сақтандыру бойынша активтерге енгізіледі. Қайта сақтандыру бойынша активтер ретінде танылған сомалар тиісті сақтандыру шарттарына қатысты қолда бар резервтерді бағалау негізінде бағаланады.

Қайта сақтандыру жөніндегі активтер төленген талап-арыздарға қатысты қайта сақтандырушы компаниялардан алынатын өтемдерді қамтиды. Олар қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте сақтандыру шарттары бойынша резервтердегі қайта сақтандырушылардың үлесі ретінде сыныпталады.

Шарттың әрекет ету мерзімі аяқталғаннан кейін қайта сақтандырушыға төленетін таза сома осындай шарттар бойынша өз құқықтарына қатысты Топ таныған қайта сақтандыру активтеріне қарағанда аз болуы мүмкін.

Қайта сақтандыру бойынша активтер әрбір есепті күнге құнсыздану мәніне бағаланады. Актив бастапқы танылғаннан кейін болған оқиға нәтижесінде Топ барлық соманы алуға өтей алмайтындығы және бұл оқиғаның Топтың қайта сақтандырушыдан алатын сомаларына шынайы бағалануы мүмкін әсері бар екендігі туралы объективті дәлел болған кезде құнсызданды деп есептеледі.

(iv) Сақтандыру шарттары бойынша комиссиялық шығын

Сақтандыру шарттары бойынша комиссиялық шығын сақтандыру агенттеріне және брокерлерге төленген комиссиялық сыйақы сияқты тікелей шығындарды және ұсыныстарды қарауға және сақтандыру полистерін шығаруға байланысты әкімшілік шығындар сияқты жанама шығындарды қамтиды.

Сатып алуға арналған шығын бастапқыда болашақ кезеңдерге ауыстырылады және одан кейін шарттың бүкіл мерзімі ішінде әрбір күнге есептеу негізінде әрбір сақтандыру шарты үшін келесі жылдардағы пайда немесе шығын құрамына жеке жатқызылады.

(v) Міндеттемелердің орындылығын тексеру

Міндеттемелердің орындылығын тексеру сақтандыру шарттары бойынша резервтердің жеткілікті екендігін айқындау мақсатында әрбір есепті күнге жүргізіледі. Шығындарды реттеу жөніндегі шығындар және сақтандыру шарттары бойынша резервтер бойынша міндеттемелерді орындауға арналған активтерден түсетін инвестициялық кірістер сияқты ақша қаражаты мен байланысты шығындардың барлық болашақ келісімшарттық ағындарының ағымдағы ең жақсы бағалары көрсетілген тексеру жүргізу кезінде пайдаланылады.

Жетіспеушілік анықталған жағдайда қосымша резерв құрылады. Тапшылық бір жылдағы пайда немесе залал құрамында танылады.

(vi) Сақтандыру шарттары бойынша дебиторлық және кредиттік берешек

Сақтанушылар, агенттер және қайта сақтандырушылар алдындағы берешек сомасы және сақтанушылардың, агенттердің және қайта сақтандырушылардың берешек сомасы қаржы құралдары болып табылады және сақтандыру шарттары бойынша резервке емес, сақтандыру бойынша дебиторлық және кредиттік берешек құрамына немесе қайта сақтандыру бойынша активтерге енгізіледі.

(г) Ақша қаражаты және оның баламалары

Ақша қаражаты мен оның баламаларына кассадағы қолма-қол банкноттар мен монеталар, банктердегі бос қалдықтар, сондай-ақ әділ құнның өзгеру қаупіне ұшырамайтын және топ қысқа мерзімді міндеттемелерді реттеу үшін пайдаланатын бастапқы өтеу мерзімі үш айдан аз жоғары өтімді қаржылық активтер жатады. Ақша қаражаты мен оның баламалары амортизацияланған құн бойынша қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі.

(д) Негізгі құралдар**(i) Меншікті активтер**

Негізгі құралдар объектілері жинақталған көнеруіні және құнсызданудан болған шығындарды шегергендегі нақты құны бойынша көрсетіледі.

Егер негізгі құралдардың объектісі пайдалы қолданудың әртүрлі мерзімі бар бірнеше компоненттерден тұратын болса, мұндай компоненттер негізгі құралдардың жекелеген объектілері ретінде көрсетіледі.

(ii) Амортизация

Негізгі құралдар бойынша көнеру оларды пайдалы қолданудың болжамды мерзімі ішінде біркелкі есептеу әдісі бойынша есептеледі және пайданың немесе залалдың құрамында көрсетіледі. Көнеру объектіні сатып алған күннен бастап, ал шаруашылық тәсілмен тұрғызылған негізгі құралдар объектілері үшін – объектінің құрылысы аяқталған және оны пайдалануға дайын болған сәттен бастап есептеледі. Жер телімдері бойынша көнеру есептелмейді. Негізгі құралдардың әртүрлі объектілерін пайдалы қолдану мерзімдері былайша ұсынылуы мүмкін:

| | |
|------------------------------------|------------|
| - Ғимарат | 50-70 жыл; |
| - Компьютерлер мен құрал-жабдықтар | 2-10 жыл; |
| - Көлік құралдары | 4-6 жыл; |
| - Басқа | 2-15 жыл. |

(е) Материалдық емес активтер

Сатып алынған материалдық емес активтер жинақталған көнеруіні және құнсызданудан болған шығындарды шегере отырып, нақты шығындар бойынша шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетіледі.

Арнайы бағдарламалық қамтамасыз етуге лицензиялар сатып алуға және оны енгізуге арналған шығындар тиісті материалдық емес актив құнына капиталдандырылады.

Материалдық емес активтер бойынша көнеру оларды пайдалы қолданудың болжамды мерзімі ішінде біркелкі есептеу әдісі бойынша есептеледі және пайда немесе шығын құрамында көрсетіледі. Материалдық емес активтерді пайдалы қолдану мерзімі бір жылдан бес жылға дейін мерзімді құрайды.

(ж) Инвестициялық меншік

Инвестициялық меншікке әдеттегі шаруашылық қызмет процесінде сату, тауарларды өндіру немесе жеткізу, қызметтер көрсету кезінде пайдалану немесе әкімшілік қызмет үшін емес, жалға беруден пайда алуға және/немесе оның нарықтық құнын ұлғайтуға арналған меншік жатады. Инвестициялық меншік жинақталған көнеруді және құнсызданудан болған шығындарды шегере отырып, нақты шығындар бойынша бағаланады.

Егер инвестициялық меншік объектісін пайдалану сипаты өзгерсе және оны негізгі құралдар санатына қайта сыныптау жүргізілсе, онда қайта сыныптау күніне осы объектінің әділ құны оны кейіннен шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсету мақсатында осы объект бойынша нақты шығындарға айналады.

(з) Қаржы құралдары

(і) Қаржы құралдарының жіктелуі

Өзгеруі кезең ішінде пайда немесе шығын құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын қаржы құралдары қаржылық активтер немесе міндеттемелер болып табылады, олар:

- ең алдымен жақын болашақта сату немесе сатып алу мақсатында сатып алынады немесе пайда болады;
- бірлесіп басқарылатын сәйкестендірілетін қаржы құралдары портфелінің бөлігі болып табылады және олар бойынша жақында өткен қысқа мерзімді келешекте пайда алудың дәлелі бар;
- туынды (қаржылық кепілдік шарттары болып табылатын немесе тиімді болып табылатын құрылған және іс жүзінде пайдаланылатын хеджирлеу құралдары болып табылатын туынды құралдарды қоспағанда) болып табылады; немесе
- бастапқы тану сәтінде өзгеруі кезең ішінде пайданың немесе залалдың құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын санатқа айқындалған болып табылады.

Топ әділ құн бойынша бағаланатын санатқа өзгеруі кезең ішінде пайда немесе шығын құрамында көрсетілетін қаржылық активтер мен міндеттемелерді, егер мынадай шарттардың бірі орындалса айқындауы мүмкін:

- активтерді немесе міндеттемелерді басқару, оларды бағалау және ішкі есептерде көрсету әділ құн негізінде жүзеге асырылады;
- мұндай тәсіл бухгалтерлік есепте басқаша болатын сәйкессіздік әсерін толық немесе елеулі түрде жояды; немесе
- актив немесе міндеттемеде, ол жоқ болған жағдайда шарт бойынша күтілетін ақша қаражатының ағынын айтарлықтай өзгертетін кіріктірілген туынды құралды қамтиды.

Басшылық оны бастапқы тану сәтінде қаржы құралын жатқызуға болатын санатты анықтайды. Өзгеруі кезең ішінде пайда немесе залалдың құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын санатқа жатқызылған туынды құралдар мен қаржы құралдары өзгеруі кезең ішінде пайда немесе залалдың құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын қаржы құралдары санатынан қайта жіктелмейді. Егер қаржы активтері несиелер мен дебиторлық берешекті айқындауға жауап берсе, олар өзгеруі кезең үшін пайда немесе шығын құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын қаржы құралдарының санатынан немесе егер Топ осы активтерді жақын болашақта немесе оларды өтеу мерзімі басталғанға дейін ұстап тұру ниеті мен мүмкіндігі болса, сату үшін қолда бар қаржы активтерінің санатынан қайта сыныпталуы мүмкін. Өзге қаржы құралдары өзгеруі кезең ішіндегі пайданың немесе залалдың құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын қаржы құралдарының санатынан тек сирек жағдайларда ғана қайта жіктелуі мүмкін. Сирек кездесетін оқиғалар-жақын болашақта қайталануы екіталай болатын ерекше жеке оқиғалар болып табылады.

Несиелер және дебиторлық берешек Топ төменде аталғандарды қоспағанда белсенді жұмыс істейтін нарықта баға белгілемейтін тіркелген немесе белгілі бір төлемдері бар туынды емес активтерді білдіреді:

- тез немесе жақын болашақта сатуға ниетті;
- бастапқы тану сәтінде әділ құн бойынша бағаланатын өзгерістері кезең ішіндегі пайда немесе залалдың құрамында көрсетілетін санатқа анықтайды;
- бастапқы тану сәтінде сату үшін қолда бар санатқа анықтайды; немесе
- топ олар бойынша несиенің құнсыздануынан өзгеше себептер бойынша бастапқы жүзеге асырылған барлық инвестицияларды өтей алмайды.

Өтеу мерзіміне дейін ұсталатын инвестициялар, Топ өтеу мерзімі басталғанға дейін ұстап қалуға ниеттенетін және қабілетті, тіркелген немесе белгілі бір төлемдері және белгіленген өтеу мерзімі бар туынды емес қаржылық активтерді білдіреді, төмендегілерді қоспағанда:

- бастапқы тану кезінде Топ кезең ішіндегі пайда немесе шығын құрамында көрсетілетін өзгерістері әділ құн бойынша бағаланатын санатқа анықтайды;
- Топ сатуға арналған қолда бар санатқа анықтайды; немесе
- несиелер мен дебиторлық берешекті анықтауға сәйкес келеді.

Сатуға арналған қолда бар қаржылық активтері сату үшін қолда бар санатқа айқындалатын немесе несиелер мен дебиторлық берешекті, өтеу мерзіміне дейін ұсталатын инвестицияларды немесе өзгеруі кезең ішіндегі пайданың немесе залалдың құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын қаржы құралдарын айқындауға жатпайтын туынды емес қаржы активтерін білдіреді.

(ii) Шоғырландырылған қаржылық есепте қаржы құралдарының танылуы

Қаржылық активтер мен міндеттемелер Топ мәні көрсетілген қаржы құралдары болып табылатын шарттық қатынастарға түскен кезде қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі. Қаржы активтерін стандартты сатып алудың барлық жағдайлары есеп айырысуды жүзеге асыру күніне көрсетіледі.

(iii) Қаржы құралдарының құнын бағалау

Қаржы активі немесе міндеттеме өзгеруі кезең ішінде пайда немесе зиянның құрамында көрсетілетін, қаржы активін немесе міндеттемені сатып алуға немесе шығаруға тікелей жатқызылатын мәміле бойынша шығындар қаржы активі немесе міндеттеме жағдайында әділ құн бойынша емес бағаланады.

Бастапқы танудан кейін қаржы активтері активтер болып табылатын туынды құралдарды қоса алғанда сату немесе өзге де істен шығу нәтижесінде болуы мүмкін мәмілелер бойынша қандай да бір шығындарды шегермей, олардың әділ құны бойынша бағаланады, оған:

- тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып көнертілген құны бойынша бағаланатын несиелер мен дебиторлық берешек;
- тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, өтеу мерзіміне дейін ұсталатын көнертілген құн бойынша бағаланатын;
- белсенді жұмыс істейтін нарықта нарықтық баға белгілеулері жоқ үлестік құралдарға инвестициялар тарту және олардың жеткілікті сенімділік дәрежесімен айқындауға болмайтын әділ құны жатпайды. Осындай құралдар нақты шығындар бойынша шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетіледі.

Өзгеруі кезең ішіндегі пайданың немесе залалдың құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын қаржылық міндеттемелерді және әділ құн бойынша көрсетілген қаржы активін аудару тануды тоқтату өлшемдеріне сәйкес келмеген кезде туындайтын қаржылық міндеттемелерді қоспағанда, барлық қаржылық міндеттемелер көнертілген құн бойынша бағаланады.

(iv) Амортизациялық құны

Қаржылық активтің немесе міндеттеменің көнертілген құны тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып айқындалған, сондай-ақ құнсызданудан болған залалды шегере отырып, бастапқы танылған құн мен өтеу сәтіндегі құн арасындағы айырманың жинақталған көнеруінің шамасына түзетілген берешектің негізгі сомасын төлеуді шегере отырып, ол бойынша қаржылық актив немесе міндеттеме бастапқы тану сәтінде бағаланған құн болып табылады. Сыйақылар мен дисконттардың шамасы, сондай-ақ мәмілелер бойынша шығындар сомасы тиісті құралдың баланстық құнына енгізіледі және осы құралдың тиімді пайыздық мөлшерлемесін негізге ала отырып көнертілінеді.

(v) Әділ құн бойынша бағалау қағидалары

Әділ құн активті сату кезінде алынатын немесе негізгі нарықта бағалау күніне нарықтың қатысушылары арасында ұйымдастырылған нарықта жүзеге асырылатын операция шарттарында міндеттемелерді беру кезінде немесе ол болмаған жағдайда, Топтың көрсетілген күнге рұқсаты бар нарықта төленген неғұрлым тиімді бағаны білдіреді. Міндеттеменің әділ құны міндеттемені орындамау тәуекелін көрсетеді.

Мүмкіндігінше, Топ белсенді нарықта осы құралдың баға белгілеуін пайдалана отырып құралдың әділ құнын бағалайды. Егер актив немесе міндеттеме бойынша операциялар жеткілікті жиілікпен және тұрақты түрде баға белгілеуді айқындау үшін жеткілікті көлемде жасалған жағдайда, нарық белсенді деп танылады.

Белсенді нарықта ағымдағы баға белгілеулер болмаған кезде Топ бақыланатын бастапқы деректерді барынша пайдаланатын және қадағаланбайтын бастапқы деректерді мейлінше азайтуға қолданатын бағалау әдістерін пайдаланады. Таңдалған бағалау әдістері нарыққа қатысушылардың осы жағдайларда назарға алатын барлық факторларды қамтиды.

Бастапқы тану кезінде қаржы құралының әділ құнының ең жақсы куәлігі әдетте мәміле бағасы, яғни төленген немесе алынған өтемнің әділ құны болып табылады. Егер Топ бастапқы тану кезінде әділ құн мәміле бағасынан ерекшеленетінін анықтаса және әділ құн ұқсас актив немесе міндеттеме үшін белсенді нарықта ағымдағы белгіленімдермен расталмаса және тек байқалатын бастапқы деректерді пайдаланатын бағалау әдістеріне негізделмесе, қаржы құралы бастапқы тану кезінде әділ құн мен мәміле бағасы арасындағы айырманы кейінге қалдыру үшін түзетілген әділ құн бойынша бастапқыда бағаланады. Бастапқы танудан кейін айырмашылық пайда немесе шығын құрамында құралдың бүкіл әрекет ету мерзімі ішінде тиісті түрде, бірақ бағалау байқалатын бастапқы деректермен толық расталған немесе операция аяқталған сәттен кешіктірмей көрсетіледі.

Егер әділ құн бойынша бағаланатын активтің немесе міндеттеменің сұраныс бағасы мен ұсыныс бағасы болса, активтер мен ұзақ позициялар сұраныс бағасының негізінде бағаланады, міндеттемелер мен қысқа позициялар ұсыныс бағасының негізінде бағаланады.

Топ өзгерістер жүзеге асырылған әділ құн сатысындағы деңгейлер арасындағы аударымдарды есепті кезеңнің соңында таниды.

(vi) Кейінгі бағалау кезінде туындайтын пайда мен залал

Қаржылық активтің немесе міндеттеменің әділ құнының өзгеруі кезінде туындайтын пайда немесе шығындар былайша көрсетіледі:

- өзгеруі кезең ішіндегі пайданың немесе залалдың құрамында көрсетілетін әділ құн бойынша бағаланатын санатқа сыныпталған қаржы құралы бойынша пайда немесе залал пайданың немесе залалдың құрамында көрсетіледі;
- сату үшін қолда бар қаржы активі бойынша пайда немесе шығын меншікті капиталдың құрамында (сату үшін қолда бар борыштық қаржы құралдары бойынша шетел валютасындағы құнсызданудан пайданан болған залалдарды және қалдықтарды аударудан болған пайда немесе залалды қоспағанда) активтерді тану тоқтатылған сәтке дейін, бұрын меншікті капиталдың құрамында көрсетілген жинақталған пайда немесе залал пайда немесе шығын құрамына көшіріледі. Сату үшін қолда бар қаржы активі бойынша пайыздық кірістер тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, пайда немесе шығын құрамында пайда болған сәтте көрсетіледі.

Көнертілген құн бойынша көрсетілген қаржы активтері мен міндеттемелер бойынша пайда немесе шығын қаржылық активті немесе қаржылық міндеттемені тану тоқтатылған немесе құнсызданған жағдайда, сондай-ақ тиісті көнеруді есептеу процесінде пайда немесе шығын құрамында көрсетіледі.

(vii) Тануды тоқтату

Топ қаржылық активінен түсетін ақша қаражатының ағымына шартта қарастырылған құқықтың қызмет ету мерзімі аяқталған кезде немесе осы қаржылық активіне берілетін меншік құқығына байланысты барлық дерлік тәуекел мен пайда екінші тарапқа берілетін мәміле жүргізу нәтижесінде осы активтен ақша қаражатының ағымын алу құқығын берген кезде немесе Топ осы қаржылық активке меншік құқығына байланысты барлық дерлік тәуекел мен пайданы бермегенде және сақтамағанда және осы қаржылық активіне бақылауды сақтап қалмағанда қаржылық активті тануды тоқтатады. Топ құрған немесе оның артында сақталған тануды тоқтату үшін талаптар сақталатын берілген қаржы активтеріне қатысудың кез келген үлесі қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте жеке актив немесе міндеттеме ретінде танылады.

Топ ол бойынша шарттық міндеттемелер орындалған, күші жойылған немесе тоқтатылған кезде қаржылық міндеттемені тануды тоқтатады. Топ шарттары бойынша қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есебінде танылған активтерді беретін мәміле жасайды, бірақ бұл кезде ол берілген активтерге меншік құқығына байланысты барлық немесе барлық дерлік тәуекелдер мен пайданы сақтап қалады. Барлық немесе іс жүзіндегі барлық тәуекелдер мен пайданы сақтай отырып, Топ берілген активтерді тануды тоқтатпайды. Топ шарттары бойынша өзінде сақтамайтын, бірақ қаржы активіне меншік құқығынан туындайтын барлық тәуекелдер мен пайданы іс жүзінде бермейтін мәмілелерді жасау кезінде, егер Топ активке бақылауды жоғалтса, осы активті тану тоқтатылады.

Егер активті беру кезінде Топ оны бақылауды сақтап қалатын болса, ол активті оның құнының өзгеруіне Топтың бейімділік дәрежесі ретінде айқындалатын активке қатысуды өзінде сақтаған дәрежеде тануды жалғастырады.

Топ өндіріп алуға үмітсіз деп танылған активтерді есептен шығарады.

(viii) Активтер мен міндеттемелерді өзара есепке алу

Топтың қаржылық активтері мен міндеттемелері өзара есепке алынады және егер бұл үшін тараптардың өзара есепке алу жолымен берешекті реттеу немесе активті сату және міндеттемені бір мезгілде орындау ниеттері болған жағдайда, қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте салыстырылған түрде көрсетіледі.

(ii) Құнсыздану

Топ әрбір есепті кезеңнің соңында қаржы активінің құнсыздануының немесе қаржы активтері Топтың объективті куәліктерінің болуы мәніне бағалау жүргізеді. Мұндай куәліктер болған жағдайда Топ құнсызданудан болған кез келген шығын мөлшерін бағалайды.

Қаржы активі немесе қаржы активтері тобы құнсызданады және құнсызданудан болған шығындар қаржы активін бастапқы танудан кейін болған бір немесе бірнеше оқиғалардың (залал туындаған жағдайда) нәтижесінде құнсызданудың объективті дәлелдемелері болған жағдайда ғана және көрсетілген оқиға (немесе оқиғалар) жеткілікті сенімділік дәрежесімен бағалануы мүмкін. Қаржы активі немесе қаржы активтері тобы бойынша болжанатын болашақ ақша қаражатының ағындарына әсер еткен жағдайда ғана орын алады.

Қаржы активтерінің құнсыздануының объективті куәліктеріне қарыз алушы жол берген міндеттемелерді орындамау (дефолт) немесе төлемдердің мерзімін өткізіп алу, қарыз алушының Шарт бойынша міндеттемелерін немесе Шарт талаптарын бұзуы, кез келген басқа жағдайда Топ қарыз алушының немесе эмитенттің ықтимал банкроттығының белгілерін, бағалы қағаз үшін белсенді нарықтың жоғалуы, қамтамасыз ету құнының төмендеуі немесе активтер тобына жататын басқа да байқалатын деректер кіруі мүмкін топқа кіретін қарыз алушылардың төлем қабілеттілігінің нашарлауы немесе көрсетілген топқа кіретін қарыз алушылардың міндеттемелерді орындамауымен (дефолтпен) ара қатынасын орнататын экономикалық шарттардың өзгеруін қарастырмайтын еді.

Сатуға арналған қолда бар үлестік бағалы қағазға салынған инвестициялардың әділ құнының осы бағалы қағаз бойынша нақты шығындардан төмен құнға дейін елеулі немесе ұзақ төмендеуі құнсыздандудың объективті куәлігі болып табылады.

(i) Амортизацияланған құнымен сипатталған қаржылық активтері

Амортизацияланған құны бойынша көрсетілетін қаржы активтері, негізінен, несиелерден және басқа да дебиторлық берешектен (бұдан әрі – «несиелер және дебиторлық берешек») тұрады. Топ ықтимал құнсыздандуды анықтау мақсатында несиелер мен дебиторлық берешекке үнемі бағалау жүргізеді.

Топ алдымен жеке-жеке елеулі болып табылатын несиелер мен дебиторлық берешек бойынша жеке және бөлек елеулі болып табылмайтын несиелер мен дебиторлық берешек бойынша жеке немесе ұжымдық құнсыздандудың объективті дәлелдемелерінің болуын бағалайды. Егер Топ бөлек бағаланатын несие немесе дебиторлық берешек бойынша құнсыздандудың объективті дәлелдемелерінің жоқтығын елеулі немесе жоқ деп анықтаған жағдайда, несие немесе дебиторлық берешек несие тәуекелдің ұқсас сипаттамалары бар несиелер мен дебиторлық берешек тобына енгізіледі және Топтың құрамында ұжымдық негізде активтер құнсыздану мәніне бағаланады. Құнсыздандудан болған шығын пайда болатын немесе бар болуын жалғастыратын құнсыздану мәніне бөлек бағаланатын несиелер мен дебиторлық берешек құнсыздану мәніне ұжымдық бағалауға енгізілмейді.

Несие немесе дебиторлық берешек бойынша құнсыздандудан болған залалдың объективті дәлелдемелері болған жағдайда шығын сомасы несиенің немесе дебиторлық берешектің баланстық құны мен ағымдағы сәтке келтірілген, несие немесе дебиторлық берешек бойынша сыйақының бастапқы тиімді мөлшерлемесін пайдалана отырып дисконтталған кепілдіктер мен қамтамасыз етудің өтелетін құнын қоса алғанда, ақша қаражатының болжамды болашақ ағындарының құны арасындағы айырма ретінде өлшенеді. Жасалған шарттардың талаптарына сәйкес ақша қаражатының ағындары және ағымдағы экономикалық жағдайларды көрсететін қолда бар тиісті ақпарат негізінде түзетілген шығындарды алудың тарихи тәжірибесі ақша қаражатының болжамды ағындарын айқындау үшін негіз болып табылады.

Бірқатар жағдайларда несие немесе дебиторлық берешек бойынша құнсыздандудан болған шығын сомасын анықтау үшін қажетті қолда бар ақпарат шектелуі немесе ағымдағы шарттар мен мән-жайларға одан әрі сәйкес келмеуі мүмкін. Егер қарыз алушы қаржылық қиындықтарды бастан кешірген, ал осындай қарыз алушыларға қатысты қолжетімді ақпараттың көлемі шектелген жағдайда мұндай жағдай орын алуы мүмкін. Мұндай жағдайларда компания құнсыздандудан болған шығын сомасын анықтау үшін өзінің тәжірибесі мен пайымдауларын пайдаланады.

Несиелердің және дебиторлық берешектің құнсыздануынан болған барлық шығындар пайда немесе шығын құрамында көрсетіледі және егер өтелетін құнның кейінгі ұлғаюы құнсыздандудан болған шығындар танылғаннан кейін болған оқиғамен объективті байланысты болған жағдайда ғана қалпына келтіруге жатады.

Егер өтеу мерзіміне дейін ұсталатын инвестициялар немесе дебиторлық берешек бойынша берешекті өндіріп алу мүмкін болмаған жағдайда, онда талап құнсыздануға тиісті резерв есебінен есептен шығарылады. Топ өтеу мерзіміне дейін ұсталатын инвестицияларды немесе дебиторлық берешектің қалдығын (және құнсыздануға арналған кез келген тиісті резервтерді) басшылық өтеу мерзіміне дейін ұсталатын инвестицияларды және дебиторлық берешекті өндіріп алу мүмкін еместігін анықтағаннан кейін және активтерді өндіріп алу бойынша барлық қажетті рәсімдер аяқталғанын анықтағаннан кейін есептен шығарады.

(ii) Нақты шығындар бойынша көрсетілетін қаржы активтері

Нақты шығындар бойынша көрсетілетін қаржы активтеріне еншілес кәсіпорынға инвестициялар және сату үшін қолда бар қаржы активтерінің құрамына енгізілген, олардың әділ құны сенімділіктің жеткілікті дәрежесімен анықталмайтындықтан, әділ құны бойынша көрсетілмейді. Мұндай инвестициялардың құнсыздануынан болған объективті белгілері болған жағдайда құнсызданудан болған шығын инвестициялардың баланстық құны мен ағымдағы сәтке келтірілген, ұқсас қаржы активтері бойынша пайданың ағымдағы нарықтық нормасын пайдалана отырып дисконтталған ақша қаражатының болжамды болашақ ағындарының құны арасындағы айырма ретінде есептеледі. Көрсетілген инвестициялардың құнсыздануынан болған барлық шығындар пайда немесе шығын құрамында көрсетіледі және қалпына келтірілуге жатпайды.

(iii) Сатуға арналған қолда бар қаржы активтері

Сатуға арналған қолда бар қаржы активтерінің құнсыздануынан болған залалдар өзге жиынтық кіріс құрамында танылған жинақталған шығынды қайта жіктеу түзету ретінде пайданың немесе залалдың құрамына аудару арқылы танылады. Өзге жиынтық кіріс құрамынан пайда немесе шығын құрамына қайта сыныпталатын жинақталған шығын бұрын құрамында танылған құнсызданудан болған залалды, пайданы немесе шығынды шегере отырып, негізгі сома мен көнерудің кез келген төлемдерін шегере отырып, сатып алу құны мен ағымдағы әділ құн арасындағы айырманы білдіреді. Ақшаның уақытша құнына жататын құнсыздануға резервтің өзгеруі пайыздық кірістің компоненті ретінде көрсетіледі.

Егер кейінгі кезеңде сату үшін қолда бар құнсызданған борыштық бағалы қағаздың әділ құны өскен және ұлғаю пайда немесе шығын құрамында құнсызданудан болған залал танылғаннан кейін болған оқиғамен объективті байланысты болған жағдайда, құнсызданудан болған залал қалпына келтіріледі және қалпына келтірілген шама пайда немесе шығын құрамында танылады. Алайда сатуға арналған қолда бар құнсызданған үлестік бағалы қағаздың кез келген әділ құнын қалпына келтіру кейіннен өзге жиынтық кіріс құрамында танылады.

(iv) Қаржылық емес активтер

Кейінге қалдырылған салық активтерінен өзгеше қаржылық емес активтер құнсыздану белгілерінің болуы мәніне әрбір есепті күнгі жағдай бойынша бағаланады. Қаржылық емес активтердің өтелетін құны сату бойынша шығындарды және пайдаланудан түскен құндылықтарды шегергендегі әділ құнның ең үлкен шамасы болып табылады. Пайдаланудан түскен құндылықтарды айқындау кезінде ақша қаражатының болжамды болашақ ағындары ақшаның уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағасын және осы активке тән тәуекелдерді көрсететін салық салуға дейінгі дисконттау мөлшерлемесін пайдалана отырып, олардың ағымдағы сәтіне келтірілген құнына дисконтталады. Ақша қаражатының ағынын тудыратын актив үшін басқа активтермен туындайтын ақша қаражатының ағындарына айтарлықтай тәуелсіз өтелетін құн актив тиесілі ақша қаражатын тудыратын активтер тобы бойынша айқындалады. Ақша қаражатын тудыратын активтің немесе активтер Топтың баланстық құны оның өтелетін құнынан асып кеткен кезде құнсызданудан болған шығын танылады.

Қаржылық емес активтердің құнсыздануынан болған барлық шығындар пайда немесе шығын құрамында көрсетіледі және егер өтелетін құнды айқындау кезінде пайдаланылатын бағаларда өзгерістер болған жағдайда ғана қалпына келтіруге жатады. Активтің құнсыздануынан болған кез келген шығын, егер құнсызданудан болған шығын шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілмеген болса активтің баланстық құны осындай баланстық құнынан (көнеруді шегергенде) аспайтын көлемде қалпына келтірілуге жатады.

(к) «РЕПО» және «кері РЕПО» мәмілелері

Кері сатып алу міндеттемесімен сату туралы келісімдер (бұдан әрі – «РЕПО» келісімдері) шеңберінде сатылған бағалы қағаздар бағалы қағаздардың кепілімен қамтамасыз етілген қаржыландыруды тарту бойынша операциялар ретінде көрсетіледі, бұл ретте бағалы қағаздар қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте көрсетілуін жалғастырады, ал контрагенттер алдындағы міндеттемелер «РЕПО» келісімдері бойынша кредиттік берешек құрамына енгізіледі. Сату бағасы мен кері сатып алу бағасы арасындағы айырма пайыздық шығынды білдіреді және тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, «РЕПО» келісімінің қолданылу кезеңіндегі пайданың немесе залалдың құрамында көрсетіледі.

Кері сату міндеттемесімен сатып алу туралы келісімдер (бұдан әрі – «кері РЕПО» келісімдері) шеңберінде сатып алынған бағалы қағаздар, мерзімі үш айдан төмен қысқа мерзімді «кері РЕПО» келісімдері «Ақша қаражаты және олардың баламалары» бабы бойынша көрсетіледі, ұзақ мерзімді келісімдер «кері РЕПО» келісімдері бойынша дебиторлық берешек құрамына енгізіледі. Сатып алу бағасы мен кері сату бағасы арасындағы айырма пайыздық табысты білдіреді және тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, «кері РЕПО» келісімінің қолданылу кезеңіндегі пайда немесе шығын құрамында көрсетіледі.

(л) Резервтер

Резерв Топта орын алған оқиғаның нәтижесінде заңды немесе негізделген міндеттеме пайда болған және осы міндеттемені орындау үшін қаражатты алаңдату талап етілетін ықтималдығы болған жағдайда қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте көрсетіледі. Егер мұндай міндеттеменің сомасы елеулі болса, онда резервтер ақшаның уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағасын көрсететін салық салуға дейінгі дисконттау мөлшерлемесін пайдалана отырып, ақша қаражатының болжамды болашақ ағындарын дисконттау жолымен және бұл қолданылатын жерде осы міндеттемеге тән тәуекелдерді айқындалады.

(м) Акционерлік капитал

(i) Қарапайым акциялар

Қарапайым акциялар меншікті капитал ретінде жіктеледі. Қарапайым акцияларды және акцияға опционды тікелей шығаруға байланысты қосымша шығындар меншікті капитал шамасынан салық нәтижесін есепке ала отырып көрсетіледі.

(ii) Меншікті акцияларды сатып алу

Топ меншікті акцияларды сатып алған жағдайда, осы сатып алуға тікелей байланысты шығындарды қоса алғанда, төленген сома шоғырландырылған қаржылық есептілікте меншікті капиталдың азаюы ретінде көрсетіледі.

(iii) Дивидендтер

Топтың дивидендтерді жариялау және төлеу мүмкіндігі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен реттеледі.

қарапайым акциялар бойынша дивидендтер олардың жариялануына қарай бөлінбеген пайданы пайдалану ретінде шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетіледі.

(н) Салық салу

Табыс салығының сомасы ағымдағы салық сомасын және кейінге қалдырылған салық сомасын қамтиды. Табыс салығы өзге жиынтық кіріс құрамында көрсетілетін операцияларға немесе тиісінше өзге жиынтық кіріс құрамында немесе тікелей меншікті капитал құрамында көрсетілетін тікелей капитал шоттарында көрсетілетін меншік иелерімен жасалатын операцияларға жататын сомаларды қоспағанда, пайданың немесе залалдың құрамында толық көлемде көрсетіледі.

Ағымдағы салық

Ағымдағы табыс салығы есепті күнгі жағдай бойынша қолданыста болған табыс салығы бойынша мөлшерлемелерді, сондай-ақ өткен есепті жылдардағы табыс салығы сомасын нақтылау нәтижесінде туындаған міндеттемелер сомасын ескере отырып, бір жылдағы салық салынатын пайданың болжамды мөлшері негізге алына отырып есептеледі. Ағымдағы табыс салығы бойынша міндеттеме есебіне дивидендтерге байланысты туындаған салық міндеттемесінің шамасы да енгізіледі.

Кейінге қалдырылған салық

Кейінге қалдырылған салық оларды шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсету мақсаттары үшін айқындалатын активтер мен міндеттемелердің баланстық құны мен олардың салық базасы арасында туындайтын уақытша айырмаларға қатысты танылады.

Кейінге қалдырылған салық активтері пайдаланылмаған салық шығындарына, пайдаланылмаған салық несиелеріне және шегерілетін уақытша айырмашылықтарға қатысты олар есебінен іске асырылуы мүмкін болашақ салық салынатын пайданы алу мүмкін шамада ғана танылады. Болашақта салық салынатын пайданың шамасы қайтаруға тиісті салық салынатын уақытша айырмалар көлемінің негізінде анықталады. Кейінге қалдырылған салық активтерінің шамасы әрбір есепті күнгі жағдай бойынша талданады және тиісті салық пайдасын өткізу одан әрі ықтимал болып табылмайтын шамада азаяды. Мұндай есептен шығару болашақ салық салынатын пайданың болуы ықтималдығы артқан жағдайда қалпына келтіруге жатады.

Танылмаған кейінге қалдырылған салық активтері әрбір есепті күнге қайта бағаланады және салық салынатын болашақтағы пайда осы кейінге қалдырылған салық активін өтеуге мүмкіндік беретін шамада танылады.

Кейінге қалдырылған салықтың шамасы есепті күнгі жағдай бойынша қолданыстағы немесе мәні бойынша қолданысқа енгізілген заңдарды негізге ала отырып, уақытша айырмаларды қалпына келтіру сәтінде болашақта қолданылатын салық мөлшерлемелеріне сүйене отырып айқындалады. Кейінге қалдырылған салықты бағалау Топтың есепті кезеңнің соңында активтер мен міндеттемелердің баланстық құнын өтеуді жоспарлайтын тәсілге байланысты салықтың салдарын көрсетеді.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелері, егер ағымдағы салық активтерін ағымдағы салық міндеттемелеріне қарсы есепке алуды жүргізу заңды түрде бекітілген құқығы болған жағдайда есептеледі және осы активтер мен міндеттемелер бір салық органы сол бір салық салынатын кәсіпорыннан, не әртүрлі салық салынатын кәсіпорындардан өндіріп алатын пайдаға салынатын салықтарға жатады, бірақ бұл кәсіпорындар ағымдағы салық міндеттемелері мен активтерін нетто-негізде реттеуге ниетті немесе осы кәсіпорындардың салық активтерін сату олардың салық міндеттемелерін өтеумен бір мезгілде жүзеге асырылатын болады.

(o) Шоғырландырылған қаржы есептілігіндегі пайда мен залалды тану

Пайыздық кірістер мен шығындар тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, пайданың немесе залалдың құрамында көрсетіледі.

Басқа комиссиялар, сондай-ақ өзге кірістер мен шығындар тиісті қызметті ұсыну күні пайданың немесе залалдың құрамында көрсетіледі.

Дивидендтер нысанындағы кіріс дивидендтер жарияланған күнгі пайданың немесе залалдың құрамында көрсетіледі.

(п) Жалдау

Шарт жасасу кезінде Топ шарттың жалға алу шартының толық немесе оның жекелеген компоненттері болатындығын бағалайды.

Шарт жалға алу шарты болып табылады немесе егер осы шарт бойынша белгілі бір уақыт кезеңі ішінде өтеуге айырбасталатын сәйкестендірілген активтің пайдаланылуын бақылау құқығы берілетін болса, жалға алу компоненті болады. Осы Шарт бойынша сәйкестендірілген активтің пайдаланылуын бақылау құқығы берілгенін бағалау үшін Топ 16-ҚЕХС-ке (IFRS) сәйкес жалға алу анықтамасын қолданады.

(i) Топ жалға алушы ретінде

Әрекет ету немесе жалға алу компонентін қамтитын шартты түрлендіруді бастау кезінде Топ шартта көзделген әрбір жалға алу компонент өтеуді оның оқшауланған келісімдердің салыстырмалы бағасы негізінде бөлінеді. Алайда, кейбір жылжымайтын мүлік объектілерін жалға алу шарттарына қатысты Топ жалға алу болып табылмайтын компоненттерді бөлмеу және жалға алу компоненттері мен жалға алу болып табылмайтын тиісті компоненттерді жалға алудың бір компоненті ретінде есепке алу туралы шешім қабылдады.

Топ активті пайдалану және жалға алу басталған күнгі жалға алу бойынша міндеттеме құқығы нысанында мойындайды. Пайдалану құқығы нысанындағы актив бастапқыда жалға алу басталған күні немесе осындай күнге дейін жасалған жалға алу төлемдерінің шамасына түзете отырып, келтірілген бастапқы тікелей шығындарға ұлғайтылған жалға алу жөніндегі міндеттеменің бастапқы шамасын құрайтын бастапқы құны бойынша және жалға алу бойынша алынған ынталандырушы төлемдерді шегере отырып, базалық активті бөлшектеу және орнын ауыстыру, базалық активті немесе ол орналасқан телімді қалпына келтіру кезінде туындаған шығындардың бағалау шамасы бойынша бағаланады.

Жалға алу шартына сәйкес базалық активке меншік құқығы Топқа жалға алу мерзімінің соңына дейін берілетін немесе пайдалану құқығы нысанындағы активтің бастапқы құны Топтың сатып алуға опционды орындауын көрсететін жағдайларды қоспағанда, кейіннен пайдалану құқығы нысанындағы актив жалға алу басталған күннен бастап және жалға алу мерзімі аяқталғанға дейін желілік әдіспен көнертілінеді. Мұндай жағдайларда пайдалану құқығы нысанындағы актив негізгі құралдар үшін қолданылатын тәсілді пайдалана отырып айқындалатын базалық активті пайдалы пайдалану мерзімі ішінде көнертілінеді. Бұған қосымша пайдалану құқығы нысанындағы активтің құны бар болған кезде құнсыздандудан болған шығындардың шамасына кезеңмен төмендейді, сондай-ақ жалға алу бойынша міндеттемелерге белгілі бір қайта бағалау жүргізу кезінде түзетіледі.

Жалға алу бойынша міндеттеме бастапқыда жалға алу шартына енгізілген пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып дисконтталған, жалға алу басталған күні төленбеген жалға алу төлемдерінің келтірілген құны бойынша немесе егер мұндай мөлшерлеме Топтың қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесін пайдалана отырып оңай айқындалмағанда бағаланады. Әдетте, Топ өзінің қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесін дисконттау мөлшерлемесі ретінде пайдаланады.

Топ әр түрлі сыртқы көздерден пайыздық мөлшерлемелерге сүйене отырып, қосымша қарыз қаражатын тартудың өз мөлшерлемесін айқындайды және жалға алынатын активтің түрі мен жалға алу шарттарын ескеру үшін белгілі бір түзетулер жасайды.

Жалға алу бойынша міндеттемелерді бағалауға енгізілетін жалға алу төлемдері, оларға:

- мәні бойынша тіркелген төлемдерді қоса алғанда, тіркелген төлемдер;
- жалға алудың басталу күніне индексті немесе мөлшерлемені пайдалана отырып бастапқы бағаланатын индекске немесе мөлшерлемеге байланысты ауыспалы жалға алу төлемдері;
- жалға алушы тарату құнының кепілдігі бойынша төлейді деп күтілетін сома;
- егер Топтың осы опционды орындайтынына жеткілікті сенімділік болса, сатып алуға арналған опционды орындау бағасы, егер компания осы опционды жалға алуды ұзартуды орындайтынына жеткілікті сенімділік болса, жалға алуды ұзартуға арналған опционның болу түрі пайда болатын қосымша жалға алу кезеңі ішінде жалға алу төлемдері және Топ жалға алуды мерзімінен бұрын тоқтатпайтынына жеткілікті сенімділік болған жағдайларды қоспағанда, жалға алуды мерзімінен бұрын тоқтату үшін айыппұлдар орындалады.

Жалға алу бойынша міндеттеме тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, көнертілген құны бойынша бағаланады. Егер Топ сатып алуға арналған опционды, жалға алуды ұзартуға немесе оны тоқтатуға арналған опционды орындау-орындамайтынын өзгертсе немесе егер шын мәнінде тіркелген төлем болып табылатын жалға алу төлемі қайта қаралса, онда ол индекстің немесе мөлшерлеменің өзгеруіне байланысты болашақ жалға алу төлемдері өзгерсе, егер Топ тарату құнының кепілдігі бойынша төлеуге жататын соманың бағасы өзгерсе, қайта бағаланады.

Жалға беру бойынша міндеттеме осылайша қайта қаралғанда, тиісті түзету пайдалану құқығы нысанындағы активтің баланстық құнына қатысты жүргізіледі немесе егер активтің баланстық құны пайдалану құқығы нысанындағы бұрын нөлге дейін азайтылған болса, пайдаға немесе залалға жатқызылады.

Топ жылжымайтын мүлікті жалға алады. Топ жасаған барлық жалгерлік шарттар қысқа мерзімді және жалдау мерзімі 12 айдан аз. Топ практикалық сипаттағы жеңілдетуді қолданды және жалдау мерзімі 12 айдан аз болғандықтан, активтерді пайдалану құқығы мен міндеттеме түрінде танымауға шешім қабылдады. Мұндай жалдау шарттарында ұзарту опциялары жоқ және егер жалдау мерзімін келесі 12 айға ұзартса алмаса, Топ экономикалық санкцияларға ұшырамайды. Топ осындай шарттарға сәйкес жүзеге асырылатын жалдау төлемдерін жалдау мерзімі ішінде желілік әдіспен шығын ретінде таниды.

(ii) Топ жалға беруші ретінде

Жалдау құрамдаушы бар шарттың қолданылуы немесе түрленуі басталған кезде Топ шартта көзделген өтемді олар үшін бар жекелеген мәміленің салыстырмалы бағалары негізінде жалдаудың әрбір құрамдаушына бөлді.

Топ жалға беруші болған жағдайларда, жалдау қатынастары басталған күні ол шарттардың әрқайсысы қаржылық жалдау немесе операциялық жалдау болып табылатындығын анықтады.

Жалдауды жіктеу үшін Топ жалдау нәтижесінде активті иеленумен байланысты барлық тәуекелдер мен пайдалардың берілгені туралы жалпы баға берді. Бұл жағдайда жалдау қаржылық ретінде жіктелді; басқа жағдайларда жалдау операциялық болды. Осы бағалау шеңберінде Топ белгілі индикаторларды қарастырды, атап айтқанда, жалдау мерзімі активті экономикалық пайдалану мерзімінің едәуір бөлігін құрағанын немесе құрамағанын қарастырды.

Топ операциялық жалдау шарттары бойынша алынған жалдау төлемдерін мерзім ішінде желілік әдіспен кіріс ретінде таныды.

(p) Қателерді түзетудің әсері және салыстырмалы деректерді ұсыну

Топтың 2022 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындау барысында басшылық 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шоғырландырылған қаржылық жағдай туралы есептің тиісті баптарына және 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы ақша қаражаттарының қозғалысы туралы шоғырландырылған есептің тиісті баптарына әсер еткен бірқатар қайта жіктеулер жүргізді.

Басшылық өтеу мерзімі 3 айдан асатын жинақ депозиттерін ұсынуды қайта қарады және оларды банктік салымдардан ақша қаражатына және оның баламаларына қайта жіктеді. Мұндай депозиттер бастапқыда 3 айдан астам мерзімге орналастырылғанына қарамастан, топтың бухгалтерлік балансы мен депозиттерінің қалдығына қатысты шамалы болып табылатын сома минималды қалдықты қоспағанда, қосымша сомаларды мерзімінен бұрын алу немесе орналастыру үшін ешқандай шектеулер немесе пайыздар жоғалмайды. Сондықтан басшылық осы депозиттерді операциялық қызметтің қажеттіліктеріне сәйкес қосымша сомаларды үнемі алып, орналастыра отырып, талап етілгенге дейінгі депозиттер ретінде пайдаланады. Осылайша, бұл депозиттер негізінен талап етілетін депозиттер болып табылады, сондықтан ақша қаражаты мен оның баламалары ретінде жіктелуі керек.

Бұдан әрі қайта жіктеудің 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша шоғырландырылған қаржылық жағдай есебіне және 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есепке әсері келтірілген. Қайта жіктеу деректері 2021 жылғы 31 желтоқсандағы және 2021 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша топтың бөлінбеген пайдасына әсер еткен жоқ.

| мың теңге | Шығарылған қаржылық есептілікке сәйкес сома | Қайта жіктеу | Қайта жіктелгеннен кейінгі сома |
|--|---|---------------|---------------------------------|
| 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп | | | |
| Ақша қаражаты және оның баламалары | 5,372,967 | 11,772,619 | 17,145,586 |
| Банктердің шоттары мен депозиттері | 11,772,619 | (11,772,619) | - |
| 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылдағы ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп | | | |
| Банктердегі шоттар мен депозиттерге аударым | (276,094,251) | 276,094,251 | - |
| Банктердегі шоттар мен депозиттерден түсетін түсім | 275,554,056 | (275,554,056) | - |
| Инвестициялық қызметте ақшалай қаражатты пайдалану | (59,362,811) | 540,195 | (58,822,616) |
| Ақша қаражаты мен оның баламаларын таза азайту | (1,553,092) | 540,195 | (1,012,897) |
| Валюта бағамдарының өзгеруінің ақша қаражаты мен оның баламаларына әсері | (27,163) | (28,955) | (56,118) |
| Жыл басындағы ақша қаражаты және оның баламалары | 6,953,222 | 11,261,379 | 18,214,601 |
| Жыл соңындағы ақша қаражаты және оның баламалары | 5,372,967 | 11,772,619 | 17,145,586 |

(с) Жаңа стандарттар және пайдалануға қабылданбаған түсініктемелер

Бірқатар жаңа стандарттар мен стандарттарға түзетулер мерзімінен бұрын қолдану мүмкіндігімен 2023 жылдың 1 қаңтарынан кейін басталатын жылдық кезеңдерге қатысты күшіне енеді. Алайда Топ оларды осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде мерзімінен бұрын қолданбаған.

17-ҚЕХС (IFRS) «Сақтандыру шарттары»

17-ҚЕХС (IFRS) қолдану аясы 4-ші «Сақтандыру шарттары» ҚЕХС-ке (IFRS) ұқсас. Бастапқы тану кезінде сақтандыру шарттары тобының міндеттемесі мынадай құрауыштардан тұрады:

Міндеттемелерді орындау бойынша ақша ағындары сақтанушылардың құқықтары мен міндеттемелерінің келтірілген құныға тәуекелді ескере отырып, түзетілгенін білдіреді, олар мыналарды қамтиды:

- болашақтағы ақша ағындарын бағалау;
- дисконттау; және
- қаржылық емес тәуекелді ескере отырып, тәуекелді түзету.

Шартта көзделген қызметтер маржасы (ШКҚМ), бұл Топ сақтандыру кезеңі ішінде қызметтер көрсетілуіне қарай танитын еңбекпен табылмаған пайданы білдіреді.

Бастапқы тану кезінде таза жылыстауды білдіретін міндеттемелерді орындау бойынша ақша ағындары тікелей шығын ретінде танылады.

Бастапқы танылғаннан кейін сақтандыру шарттары тобының міндеттемесі қалған сақтандыру өтемі бойынша міндеттемені (міндеттемелерді орындау бойынша ақша ағындары және ШКҚМ), сондай-ақ есептелген сақтандыру талаптары үшін міндеттемені (сақтандыру талаптарына қатысты міндеттемелерді орындау бойынша ақша ағындары және бұрын болған, бірақ әлі төленбеген шығынды) қамтиды.

Міндеттемелерді орындау бойынша ақша ағындарын қайта бағалау ағымдағы бағалауларды көрсету мақсатында әрбір есепті күнге жүргізіледі.

Белгілі бір критерийлерді орындау кезінде жеңілдетілген тәсіл қолданылуы мүмкін – сыйлықақыны бөлуге негізделген тәсіл (СБНТ). Топ жұмыс берушінің жауапкершілігі, өмірді сақтандыру, зейнетақы аннуитеті, жалпы және жазатайым оқиғалардан сақтандыру және сақтандыру шарттарының басқа топтары бойынша СБНТ сыныптары бойынша сақтандыру шарттары топтары үшін жалпы бағалау моделін (ЖБМ) қолдануды жоспарлап отыр.

Бағалаудың жалпы моделі ол қолданылатын жағдайда модификацияланады:

- Топ басқаратын қайта сақтандыру шарттары;
- тікелей қатысу шарттары; және
- дискрециялық қатысу белгілері бар инвестициялық келісімшарттар.

Сақтандыру шарттары бойынша табыс Топ сыйақы алуды күткен қызметтерге жататын әрбір есепті кезеңге қалған сақтандыру жабдығына қатысты міндеттеменің өзгеруі нәтижесінде алынады.

Инвестициялық компоненттер сақтандыру шарттары бойынша кірістерден және сақтандыру қызметтеріне арналған шығындардан алынып тасталады. Сақтандыру жөніндегі қызметтердің нәтижелері қаржылық кірістерден немесе сақтандыру жөніндегі шығындардан бөлек ұсынылады. Топ пайда немесе залал және өзге жиынтық кіріс арасында сақтандыру бойынша қаржылық кірістер мен шығындарды бөлуді таңдай алады.

(i) Топ шығарған және ұстаған сақтандыру шарттарының жіктелуі

Топ сақтандыру шарттарын жіктейді және оларды келесі санаттардың біріне жатқызады:

- өмірді сақтандырудан басқа сақтандыру шарттары сақтандыру шарттары ретінде жіктеледі;
- өмірді сақтандырудан басқа шығарылған қайта сақтандыру шарттары сақтандыру шарттары ретінде жіктеледі;
- өмірді сақтандырудан басқа, сақтандыру шарттары ретінде жіктелген қайта сақтандыру шарттары.

Сақтандыру шарттарын сәйкестендіру критерийлері

Шығарылған шартты «Сақтандыру шарты» ретінде жіктеу үшін Топ келесі шарттардың бір мезгілде орындалуын тексереді:

- елеулі сақтандыру тәуекелі шарт бойынша беріледі; және
- шартта көрсетілген сақтандыру жағдайы сақтанушы үшін қолайсыз салдарға әкеп соғады.

Қайта сақтандыру шарттарын сәйкестендіру критерийлері

Топ ұсталатын қайта сақтандыру шарттары үшін шығарылған сақтандыру шарттары сияқты критерийлерді қолданады.

(ii) Сақтандыру шарттарынан сақтандырылмаған құрамдас бөліктерді бөлу

Топ негізгі шарттан бөлінуі тиіс құрамдас бөліктердің болуына сақтандыру шарттарына талдау жүргізеді, атап айтқанда:

- бөлінетін кіріктіріме туынды құралдар;
- ерекшеленетін инвестициялық құрамдас бөліктер;
- полис ұстаушыға сақтандыру шарты бойынша қызметтер болып табылмайтын айрықша тауарларды немесе қызметтерді беруге уәде беру.

(iii) Шарттарды топтарға біріктіру

Топ сақтандыру және қайта сақтандыру шарттарының портфельдерін анықтау мақсатында шығарылған шарттар мен ұсталатын қайта сақтандыру шарттарын талдайды. Сақтандыру шарттарының портфелі ұқсас тәуекелдерге ұшыраған және бірлесіп басқарылатын шарттарды қамтиды.

Шарттардың бір портфеліне кіретін шарттар бастапқы тану кезінде мынадай сипаттамаларға сәйкес топтастырылады және кейіннен бір топтан екінші топқа ауыстырылмайды:

- ауыртпалықты шарттар, егер бар болса – сақтандыру шарттарының ауыртпалықты тобы;
- кейіннен олардың ауыртпалыққа айналу ықтималдығының болмауымен сипатталатын шарттар, егер бар болса – сақтандыру шарттарының «пайдалы» тобы;
- жоғарыдағы тармақшаларға жатпайды, егер бар болса – сақтандыру шарттарының «өзге» тобы.

Топ шарт шығарылған күн негізінде жылдық негізде когорттар құрады. Топ шығарылған күнін шарт жасалған күнге тең деп қабылдады.

Топ ұсталатын қайта сақтандыру шарттарының портфельдерін бастапқы тану кезіндегі сипаттамалар негізінде келесі топтарға бөледі:

- таза пайдасы бар ұсталатын қайта сақтандыру шарттары;
- таза шығыны бар және таза пайда табудың елеулі ықтималдығы жоқ ұсталатын қайта сақтандыру шарттары;
- таза шығыны бар және таза пайда табу айтарлықтай ықтимал ұсталатын қайта сақтандыру шарттары.

(iv) Шарттың қолданылу аясы

Бастапқы тану күні

Шығарылған сақтандыру шарттары үшін сақтандыру шарттары тобын тану келесі күндердің ең ертесіне жүргізілуі керек:

- шарттар тобы бойынша өтеу кезеңінің басталуы;
- шарттардың тиісті тобында полис ұстаушыдан бірінші төлемді төлеу мерзімі келетін күн; және
- ауыртпалықты келісімшарттар тобы үшін топтың ауыртпалыққа ұшыраған күні.

Егер төлем мерзімінің басталу күні шартта көрсетілмесе, онда бірінші төлемді төлеу мерзімі келетін күн полис ұстаушыдан алғашқы нақты төлем күні болып есептеледі.

Қосалқы сақтандыру және кіріс қайта сақтандыру шарттарына қолданылатын тәсілдер шығарылған сақтандыру шарттарына қолданылатын тәсілдерден ерекшеленбейді.

Топ ұсталатын қайта сақтандыру шарттары үшін екі күннің ішіндегі ең ерте мерзіміне ұсталатын қайта сақтандыру шарттарының тобын:

- ұсталатын қайта сақтандыру шарттарының тобы бойынша өтеу кезеңінің басталған күнін; және
- егер Топ ұсталатын қайта сақтандыру шарттарының осы тобына кіретін тиісті қайта сақтандыру шарты осы күнге немесе оған дейін жасалған болса, Топ ауыртпалықты базалық сақтандыру шарттарының тобын танитын күнді таниды.

(v) Шығарылған шарттарды бағалау

Сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелердің (активтердің) құрылымы

Топ сақтандыру шарттарының топтарын бағалау кезінде сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелердің (активтердің, теріс мән болған жағдайда) екі блогын бағалайды:

- Туындаған талаптар бойынша міндеттеме (ТТМ);
- Өтеудің қалған бөлігі бойынша міндеттеме (ӨҚБМ).

Шарттар тобы үшін бағалау моделін анықтау

Шарттар полис ұстаушының базалық баптардың нақты белгіленген пулының үлесіне қатысуын көздемейтіндіктен, Топ сақтандыру шарттарының топтарына қолданылуын бағалаудың екі моделін талдайды:

- Жалпы бағалау моделі (ЖБМ);

- Сыйлықақыны бөлуге негізделген тәсіл (СБНТ).

Топ СБНТ қолданылатын сақтандыру шарттарының топтары үшін ақша ағындарын құрудың күрделілігіне және бастапқы деректердің сапасына байланысты жеке тәртіпте оңайлатылған тәсілді пайдалану туралы шешім қабылдайды. СБНТ-ны:

- әрқайсысының өтеу мерзімі бір жыл немесе одан аз болатын шарттардан тұратын сақтандыру шарттарының топтарына; немесе
- Топ сақтандыру шарттарының осы тобын өтеудің қалған бөлігі бойынша міндеттемені СБНТ-ға сәйкес бағалау бағалаудың жалпы моделінің талаптарын қолдану негізінде жүргізілген бағалаудан айтарлықтай ерекшеленбейді деп негізді түрде күтетін сақтандыру шарттарының топтарына қолдану мүмкін.

Топ сақтандыру шарттарының барлық басқа топтары үшін ЖБМ-ны қолданады.

Шарттарды жалпы бағалау моделі арқылы бағалау

Өтеудің қалған бөлігі бойынша міндеттемені бастапқы тану

Бастапқы тану кезінде сақтандыру шарттары тобына қатысты танылатын міндеттемені (немесе активті) топ сома ретінде бағалайды:

- Мынадай компоненттерден тұратын сақтандыру шарттарын орындау бойынша ақша ағындары:
 - Топтың шарттардың талаптарын орындауына қарай туындайтын сақтандыру шарттары шеңберінде болашақ ақша ағындарын есептік бағалау;
 - ақшаның уақытша құнын және болашақ ақша ағындарына байланысты қаржылық тәуекелдерді көрсетуге арналған түзетулер;
 - қаржылық емес тәуекелге тәуекелді түзету; және
- Шартта көзделген қызметтер үшін маржалар (ШКҚМ).

Өтеудің қалған бөлігі бойынша міндеттемені кейінгі бағалау

Топ бастапқы танылғаннан кейін әрбір есепті күн үшін өтемақының қалған бөлігі бойынша міндеттемені қайта бағалайды:

- болашақ кезеңдерде шарт бойынша берілетін сақтандыру өтеміне жататын шарттарды орындау бойынша ақша ағындары; плюс
- есеп беру күні бағаланған ШКҚМ.

Болашақ ақша ағындарын бағалау ең жақсы бағалау бойынша ағымдағы болжамдарға сәйкес әрбір есеп беру күні қайта қаралады. Сол сияқты қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзету Топтың ағымдағы бағалауына сәйкес бағаланады.

Туындаған талаптар бойынша міндеттемені бастапқы тану

Туындаған талаптар бойынша міндеттеме есеп беру күні өткен кезеңдердің қызметтеріне қатысты шарттарды орындау бойынша ақша ағындарын қамтиды және мыналардан тұрады:

- болашақ ақша ағындарын бағалау;
- ақшаның уақытша құнын және болашақ ақша ағындарымен байланысты қаржылық тәуекелдерді көрсетуге арналған түзетулер; және
- қаржылық емес тәуекелге тәуекелдік түзету.

Туындаған талаптар бойынша міндеттемені кейіннен бағалау

Туындаған талаптар бойынша міндеттемені кейінгі бағалау есеп беру күніндегі ағымдағы болжамдарға негізделген. Туындаған талаптар бойынша міндеттемені тану кезең ішінде дисконттауды есепке алмағанда келтірілген залал бойынша сақтандыру қызметтері бойынша шығын ретінде ұсынылады. Дисконттау әсері, қаржылық тәуекелдің әсері және қисық дисконттау мөлшерлемесіндегі өзгерістердің туындаған талаптар бойынша міндеттемеге әсері қаржылық кіріс немесе сақтандыру бойынша шығын құрамында ұсынылады.

Топ пайда болған талаптар бойынша міндеттемені тануды артықшылықтар берілгеннен кейін немесе міндеттеме пайдасыз екендігі белгілі болғаннан кейін тоқтатады.

Сыйлықақыны бөлуге негізделген тәсіл арқылы шарттарды бағалау

Қалған сақтандыру өтемі бойынша міндеттемені бастапқы тану

Топ сыйлықақыны бөлуге негізделген тәсілді қолданған кезде, егер фактілер мен мән-жайлар басқаша көрсетпесе, шарттар бастапқы тану кезінде ауыртпалық тудырмайды деп санайды.

Топ бастапқыда тану кезінде өтемақының қалған бөлігі бойынша міндеттемені келесідей бағалайды:

- болған жағдайда бастапқы тану сәтінде алынған сыйлықақылар;
- сақтандыру шарттарының осы тобына жатқызылған күнге арналған аквизициялық ақша ағындарын шегергенде; және
- осы күні аквизициялық ақша ағындарына қатысты кез келген активті және шарттардың осы тобына байланысты ақша ағындарына қатысты бұрын танылған кез келген басқа активті немесе міндеттемені тануды тоқтату нәтижесінде туындайтын кез келген соманы қосу немесе алып тастау.

Өтеудің қалған бөлігі бойынша міндеттемені кейінгі бағалау

Топ әрбір есеп беру күніне өтемінің қалған бөлігі бойынша міндеттемені қайта бағалайды. Топ өтемінің қалған бөлігі бойынша міндеттемелерден сомаларды жүйелі түрде босатады және оларды пайда мен залал туралы шоғырландырылған есепте және өзге де жиынтық табыста сақтандыру бойынша кіріс ретінде таниды.

Туындаған талаптар бойынша міндеттемені бастапқы тану

Жалпы бағалау моделіне ұқсас, сыйлықақыны бөлуге негізделген тәсіл шеңберінде пайда болған шығын бойынша міндеттемелер пайда болған шығынға қатысты шарттарды орындау бойынша ақша ағындарының құрамында танылады. Топ туындаған мәлімделген залалдар бойынша, сондай-ақ туындаған, бірақ әлі мәлімделмеген залалдар бойынша төлемдерді күтілетін болашақ ақша ағындарына қосады.

Туындаған талаптар бойынша міндеттемені кейіннен бағалау

Топ жалпы бағалау моделінің талаптарына сәйкес туындаған талаптар бойынша міндеттемені кейіннен бағалауды жүргізеді.

(vi) *Ұсталатын қайта сақтандыру шарттарын бағалау*

Ұсталатын қайта сақтандыру шарттары тобы үшін бағалау моделін айқындау

Топ ұсталатын қайта сақтандыру шарттарының тобы үшін бағалау моделін анықтаған кезде сақтандыру шарттарының тобына қолданылуын бағалаудың екі моделін талдайды: жалпы бағалау моделі (ЖБМ) және сыйлықақыны бөлуге негізделген тәсіл (СБНТ).

Топ СБНТ-ны қолданатын ұсталатын қайта сақтандыру шарттарының топтары үшін ақша ағындарын құрудың күрделілігіне және деректер сапасына байланысты оңайлатылған тәсілді жеке қолдану туралы шешім қабылдайды. СБНТ-ны топтың іс-әрекеті басталған кезде қолдануға болады:

- ұсталатын қайта сақтандыру шарттары тобындағы әрбір шартты жабу кезеңі бір жыл немесе одан аз уақытты құрайды;
- Топ СБНТ-ға сәйкес бағалау ЖБМ-ның талаптарын қолдану негізінде жүргізілген бағалаудан айтарлықтай ерекшеленбейді деп күтеді.

Барлық ұсталатын қайта сақтандыру шарттары үшін СБНТ-ның қолданылу аясынан тыс немесе олар үшін СБНТ-ны қолданбау туралы шешім қабылданған жағдайда, Топ ЖБМ-ны қолданады.

(vii) Шығынды жіктеу және бөлу принциптері

Топ пайда болған шығынды талдайды және келесі функционалды салалардың біріне жатқызады:

- Аквизициялық ақша ағындары;
- Полистерді жүргізу және оларға қызмет көрсету шығыны;
- Сақтандыру залалын реттеуге арналған шығын;
- Алдыңғы функционалды салаларға жатқызылмаған басқа операциялық шығын.

Топ алғашқы төрт функционалды салаға қатысты шығынды сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелерді орындауға тікелей байланысты шығын ретінде қарастырады, ал соңғы функционалды салаға қатысты шығын сақтандыру шарттарының портфеліне тікелей жатқызуға болмайтын шығын ретінде қарастырылады.

(viii) 17-ҚЕХС-ке ауысу

17-ҚЕХС (IFRS) 2023 жылдың 1 қаңтарынан басталатын немесе осы күннен кейінгі жылдық есепті кезеңдер үшін күшіне енеді.

Егер 9-ҚЕХС (IFRS) «Қаржы құралдары» және 15-ҚЕХС (IFRS) «Сатып алушылармен шарттар бойынша түсім» қабылдау күніне немесе одан бұрын қолданылса, мерзімінен бұрын қабылдауға рұқсат етіледі.

Толық ретроспективті қолдану қажет – дегенмен, егер ол орынды болмаса, өзгертілген ретроспективті тәсіл және әділ құнға негізделген тәсіл бар.

Топ барлық сақтандыру портфельдеріне өзгертілген ретроспективті тәсілді қолданады. Топ 17-ҚЕХС (IFRS) бастапқы қолданудың оның жеке қаржылық есептілігіне күтілетін әсерін бағалады. Бұдан әрі Топтың жалпы меншікті капиталының қалдығына есептік түзету (салық төленгеннен кейін) ұсынылады:

| | 1 қаңтар 2023 ж. мың теңге | 1 қаңтар 2022 ж. мың теңге |
|---|----------------------------------|----------------------------------|
| Топтың жалпы меншікті капиталын есептік ұлғайту | | |
| Өмірді сақтандырудан басқа, 17-ші ҚЕХС-ке, кластарға ауысуға байланысты түзетулер | 4,825,320 | 5,196,143 |
| 17-ҚЕХС-қа көшуге байланысты түзетулер, өмірді сақтандыру | 2,357,965 | 3,040,268 |
| Салық төлегеннен кейін 17-ҚЕХС-ке ауысудан күтілетін әсер | 7,183,285 | 8,236,411 |

* Жалпы меншікті капиталдың өсуінің күтілетін деңгейі 17-ҚЕХС (IFRS) талаптарына сәйкес міндеттемелерді есептеу тәсілі ең жақсы бағалау туралы болжамдарға негізделгендігімен байланысты, ал 4-ҚЕХС бойынша міндеттемелерді бағалау неғұрлым консервативті болып табылады және нақты дисконттау мөлшерлемелері мен шартты бұзу деңгейін ескермейді.

Жоғарыда келтірілген бағалау алдын-ала болып табылады, өйткені жаңа стандартқа ауысу әлі толық аяқталған жоқ. 2023 жылғы 1 қаңтардағы және 2022 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 17-ҚЕХС (IFRS) қолданудың нақты әсері өзгеруі мүмкін, себебі:

- Топ 17-ҚЕХС (IFRS) қолдану үшін талап етілетін жаңа есепке алу және ішкі бақылау процестерін жетілдіруді жалғастыруда;
- параллельді есепке алу 2022 жылдың екінші жартысында қамтамасыз етілгеніне қарамастан, жаңа жүйелер мен онымен байланысты бақылау жүйелері ұзақ уақыт бойы жұмыс істемеді;
- Топ өздерінің жаңа АТ жүйелерін бақылау құралдарын, сондай-ақ басқару құрылымындағы өзгерістерді тестілеуді және бағалауды аяқтаған жоқ;
- есеп саясатының жаңа ережелері, қолданылатын жорамалдар, пайымдаулар және бағалау әдістері Топ бастапқы қолдану күнін қамтитын алғашқы қаржылық есептілікті дайындау процесін аяқтағанға дейін өзгеруі мүмкін.

9-ҚЕХС (IFRS) «Қаржы құралдары»

2014 жылдың шілдесінде жарияланған 9-ҚЕХС (IFRS) «Қаржы құралдары» қолданыстағы нұсқаулықты 39-ҚЕХС (IAS) «Қаржы құралдары: тану және бағалауға» ауыстырды және қаржы құралдарын жіктеу мен бағалауға, қаржылық активтердің құнсыздануына және хеджирлеуді есепке алуға қатысты талаптарды қамтиды.

(i) *Жіктеу – қаржы активтері*

9-ҚЕХС (IFRS) осы активтерді басқару үшін пайдаланылатын бизнес-модельді және олармен байланысты ақша ағындарының сипаттамаларын көрсететін қаржы активтерін жіктеуге және бағалауға жаңа тәсілді көздейді.

9-ҚЕХС (IFRS) қаржылық активтерді бағалаудың үш негізгі санатын көздейді: көнертілген құны бойынша, өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша және пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша. Стандарт 39 ҚЕХС (IAS) қолда бар қаржылық активтердің: өтеу мерзіміне дейін ұсталатын, несиелер мен дебиторлық берешек және сату үшін қолда бар санаттарын жояды

Қаржы активі көнертілген құны бойынша, егер ол төмендегі екі шартқа жауап берсе және Топтың қалауы бойынша пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ретінде сыныпталмаса ғана бағаланады:

- ол бизнес-модель шеңберінде ұсталады, оның мақсаты шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін активтерді ұстау болып табылады; және
- оның шарттық талаптары тек негізгі соманы және бастапқы соманың өтелмеген бөлігінің пайыздарын төлеуді ғана білдіретін ақша ағындарының белгіленген мерзімде пайда болуын көздейді.

Қаржылық актив басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша, егер ол төмендегі екі шарттарға жауап берсе және топтың қалауы бойынша пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатын ретінде жіктелмесе ғана бағаланады:

- ол бизнес-модель шеңберінде ұсталады, оның мақсаты шартта көзделген ақша ағындарын алу жолымен де, қаржы активтерін сату жолымен де қол жеткізіледі; және
- оның шарттық талаптарды көздейді пайда болуы, белгіленген мерзімде ақша ағындарының білдіретін ғана төлеуге негізгі сомасын және проценттерді өтелмеген негізгі сомасының бір бөлігі.

Үлестік құралдардың саудасына арналмаған инвестицияларды бастапқы тану кезінде топ өзге жиынтық кіріс құрамында инвестициялардың әділ құнының кейінгі өзгерістерін ұсыну туралы, оны кейіннен күшін жою құқығынсыз, өз қалауы бойынша шешім қабылдай алады. Осы таңдау әрбір инвестициялар үшін жеке-жеке жүргізіледі.

Жоғарыда сипатталғандай өзге жиынтық кіріс арқылы көнертілген құны бойынша немесе әділ құны бойынша оларды бағалау үшін критерийлерге жауап бермейтін барлық қаржы активтері пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланады. Бұдан басқа, бастапқы тану кезінде Топ өз қалауы бойынша, кейіннен қайта сыныптау құқығынсыз, көнертілген құн бойынша немесе өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағалау үшін критерийлерге жауап беретін қаржылық активті, егер бұл өзгеше туындайтын есептік сәйкессіздікті жоюға немесе елеулі азайтуға мүмкіндік берсе, пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағалау санатына сыныптай алады.

Бастапқы тану кезінде қаржылық актив үш санаттың біріне сыныпталады. Қаржы активтерін жіктеуге қатысты өтпелі ережелерге қатысты (v) тармақты қараңыз.

Бизнес-модельді бағалау

Топ қаржылық құралдарының портфелі деңгейінде қаржылық актив ұсталып қалатын бизнес-модель аясында бағалау жүргізеді, өйткені бұл бизнесті басқаруды және басшылыққа ақпарат ұсыну әдісін ең үздік үлгіде көрсетеді. Топ келесі ақпарат талдайды:

- Осы портфельді басқару үшін белгіленген саясат пен мақсаттар, сондай-ақ аталған саясаттарды тәжірибеде іске асыру. Атап айтқанда, шартта қарастырылған пайыздық кірісті алуды басқару стратегиясын, пайыздық мөлшерлеменің белгілі бір құрылымын қолдауды, қаржылық активті өтеу мерзімінің осы активтерді қаржыландыру үшін пайдаланылатын қаржылық міндеттемелерді өтеу мерзіміне сәйкес келуін немесе ақшалай қаражаттың күтілетін жылыстауы немесе активтерді сату арқылы ақша ағымын іске асыруға бағытталған;
- Портфельдің нәтижелілігі қалай бағаланады және бұл ақпарат Топ басшылығына қалай жеткізіледі;
- Бизнес-модельдің (және осы бизнес-модель аясында ұсталатын қаржылық активтерінің) нәтижелігіне әсер ететін тәуекелдер және бұл тәуекелдерді басқару қалай жүзеге асырылады;
- Портфельді басқаруға жауапты менеджерлерге сыйақы беру қалай жүргізіледі (мысалы, бұл сыйақыны беру аталған активтердің немесе шартта қарастырылған ақша қаражаты ағымдарының активтерден алынған әділ құнына тәуелді ме);
- Өткен кезеңдерді сатылымдардың жиілігі, көлемі және мерзімдері, мұндай сатылымдардың себептері, сондай-ақ сатылымның болашақта күтілетін деңгейі Алайда сату деңгейлері туралы ақпарат оқшауланған емес, Топ мәлімдеген қаржы активтерін басқару мақсатына қалай қол жеткізетінін және ақша ағындарының қалай іске асырылуын бірыңғай тұтас талдау шеңберінде қаралады.

Сауда үшін ұсталатын және басқарылуы жүзеге асырылатын және нәтижелілігі әділ құн негізінде бағаланатын қаржы активтері пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатын болады, өйткені олар шартта көзделген ақша ағындарын алу мақсатында да, шартта көзделген ақша ағындарын алу, сондай-ақ қаржы активтерін сату мақсатында да ұсталмайды.

Шартта қарастырылған ақша қаражатының ағымы негізгі сома мен пайызды төлеу ғана болып табыла ма, жоқ па бағалау

Осы бағалау мақсатында «негізгі сома» қаржылық активті бастапқы таныған кезде оның әділ құны деп анықталады. «Пайыздар» ақшаның уақытша құны үшін, белгілі бір уақыт кезеңі ішінде өтелмей қалған негізгі сомаға қатысты несие тәуекел үшін және басқа несие беруге байланысты өзге де негізгі тәуекелдер мен шығасылар үшін (мысалы, өтімділік тәуекелі және әкімшілік шығасылар), сондай-ақ пайда маржасы үшін өтеу ретінде анықталады.

Шартта қарастырылған ақша ағымы негізгі соманың және негізгі соманың өтелмеген бөлігіндегі пайыздың («SPPI критерийі») ғана төлемі болып табылатындығын бағалаған кезде Топ қаржы құралының шарттағы жағдайларын талдайды. Бұл қаржылық актив бойынша шарттың талаптарында шарт бойынша ақша қаражатының мерзімін немесе оның сомасын қаржылық активті талданатын талаптарды қанағаттандыра алмайтындай етіп өзгерте алатын қандай да бір талаптың қарастырылған екендігін бағалауды қамтиды. Бағалау жүргізген кезде Топ келесілерді назарына алады:

- ақша қаражаты ағымының мерзімін немесе сомасын өзгерте алатын шартты жағдайлар;
- тұтқа нәтижесі бар жағдай (левередж);
- мерзімінен бұрын өтеу және қызмет ету мерзімін пролонгациялау туралы жағдайлар;
- келісілген активтерден ақша ағымдары бойынша Топтың талаптарын шектейтін шарттар (мысалға, регресс құқығы жоқ қаржылық активтері);
- ақшаның уақытша құны үшін өтемнің өзгеруіне әкелетін шарттар – мысалы, мерзімдік негізде пайыздық мөлшерлемелерде қайта қарау.

Әсерді бағалау

9-ҚЕХС (IFRS) қолдану қажеттілігінен уақытша босатуды қолданатын сақтандырушыларға қатысты қосымша ақпаратты ашуды дайындау мақсаттары үшін 4-ҚЕХС (IFRS) сәйкес талап етілетін қосымша ақпараттарды ашуға дайындау мақсатында Топ SPPI критерийіне сәйкестігін бағалауды орындады. Жүргізілген бағалау негізінде SPPI критерийі пайда немесе шығын арқылы әділ құн бойынша бағаланатын барлық борыштық қаржы активтері үшін орындалады. Топ осы қаржы активтерін басқару үшін пайдаланылатын бизнес-модельдерді бағалауды орындамады.

Әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінің несие сапасын талдау тиісті ескертпелерде келтірілген. Алдын ала бағалау негізінде Топ сыныптауға қойылатын жаңа талаптар оның шоғырландырылған қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсер етеді деп санамайды.

(ii) Құнсыздану – қаржы активтері және шарт бойынша активтер

9-ҚЕХС (IFRS) 39 ҚЕХС-те (IAS) пайдаланылатын «келтірілген шығындар» моделін болашаққа бағдарланған «күтілетін кредиттік залалдар» моделіне ауыстырады. Құнсызданудың жаңа моделін қолдану Топтан олардың туындау ықтималдығы бойынша өлшеу жолымен айқындалатын күтілетін несие шығындарға экономикалық факторлардың өзгеруі қандай әсер ететініне қатысты елеулі кәсіби пайымдауларды талап етеді.

Құнсыздануды бағалаудың жаңа моделі үлестік құралдарға және шарт бойынша активтерге инвестицияларды қоспағанда, өзге жиынтық кіріс арқылы көнертілген құны бойынша немесе әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтеріне қатысты қолданылатын болады. Сақтандыру бойынша дебиторлық берешек құнсыздануды бағалауға қатысты 9-ҚЕХС (IFRS) талаптарын қолдану саласына жатпайды.

9-ҚЕХС (IFRS) сәйкес шығындар бойынша бағалау резервтері мынадай тәсілдердің бірімен бағаланатын болады:

- *12 айлық күтілетін кредиттік залалдар негізінде.* Бұл есепті күннен кейін 12 ай ішіндегі ықтимал дефолт оқиғаларының нәтижесінде пайда болатын күтілетін кредиттік залалдар; және
- *барлық мерзім ішінде күтілетін кредиттік залалдар негізінде.* Бұл қаржы құралының барлық әрекет ету мерзімі ішінде ықтимал дефолт оқиғаларының нәтижесінде пайда болатын күтілетін кредиттік залалдар.

Егер қаржы активі бойынша несие тәуекел есепті күнге бастапқы тану сәтінен бастап айтарлықтай жоғарыласа, барлық мерзім ішінде күтілетін кредиттік залалдарды бағалау қолданылады, ал егер бұл болмаса 12 айлық күтілетін кредиттік залалдарды бағалау қолданылады. Ұйым, егер есепті күнге активтің төмен несие тәуекелі болса, қаржы активіне тән несие тәуекел айтарлықтай көтерілмегенін анықтай алады. Алайда барлық мерзім ішінде күтілетін кредиттік залалдарды бағалау сауда дебиторлық берешекке және қаржыландырудың елеулі құрамдас бөлігі жоқ шарт бойынша активтерге қатысты әрқашан қолданылады.

9-ҚЕХС (IFRS) талаптары құнсыздану бөлігінде күрделі болып табылады және кәсіби пайымдаулар мен жорамалдарды, әсіресе төменде жан-жақты талқыланатын мынадай салаларда пайдалануды талап етеді:

- қаржы құралы бойынша несие тәуекелдің бастапқы танылу сәтінен бастап айтарлықтай жоғарылауы орын ала ма; сондай-ақ
- күтілетін кредиттік залалдарды бағалауға болжамды ақпаратты қосу.

(iii) Жіктеу – қаржылық міндеттемелер

9-ҚЕХС (IFRS) қаржылық міндеттемелерді жіктеуге қатысты 39-ҚЕХС (IAS) қолданыстағы талаптарды елеулі дәрежеде сақтайды.

Сонымен бірге 39-ҚЕХС (IAS) сәйкес Топтың өз қалауы бойынша пайда немесе залал арқылы әділ құн бойынша бағаланатын ретінде жіктелген міндеттемелердің әділ құнының барлық өзгерістері пайда немесе шығын құрамында танылады, ал 9-ҚЕХС (IFRS) сәйкес бұл өзгерістер жалпы жағдайда мынадай тәртіппен танылады:

- осы міндеттеме бойынша несие тәуекелдің өзгеруіне байланысты қаржылық міндеттеменің әділ құнының өзгеруінің бір бөлігі өзге жиынтық кіріс құрамында ұсынылады; және
- әділ құн өзгеруінің қалған бөлігі пайда немесе залал құрамында ұсынылады.

Топ пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қандай да бір міндеттемелерді өз қалауы бойынша жіктемеді және осылай жасауға ниеті жоқ. Топтың бағалауы 9-ҚЕХС (IFRS) бастапқы қолдану күніне қаржылық міндеттемелерді сыныптауға қатысты елеулі ықпал етуді анықтаған жоқ.

Әсерді бағалау

Топ 9-ҚЕХС (IFRS) сәйкес активтердің құнсыздануын бағалаудың жаңа моделін қолдану құнсызданудан болған шығындардың ұлғаюына, сондай-ақ олардың көп құбылмалылығына әкеледі деп санайды.

Топ алдын ала бағалау негізінде құнсыздануды есептеуге қойылатын жаңа талаптар оның шоғырландырылған қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсер етеді деп санамайды.

Өзге стандарттар

Стандарттарға келесі түзетулер және түсініктемелер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне елеулі әсер етпейді:

- *Бір мәміленің салдарынан туындайтын активтер мен міндеттемелерге қатысты кейінге қалдырылған салық (12-ҚЕХС (IAS) түзетулері).*
- *Есеп саясатын ашу (1-ҚЕХС (IAS) және 2-ҚЕХС бойынша практикалық ұсынымдарға түзетулер).*
- *Бухгалтерлік бағалауды анықтау (8-ҚЕХС (IAS) түзетулері).*

4 Сақтандыру тәуекелдерін басқару

Осы бөлімде Топтың сақтандыру тәуекелдері және тәуекелдерді басқару тәсілі туралы жалпылама ақпарат берілген.

(а) Тәуекелді басқару мақсаттары және сақтандыру тәуекелін азайту саясаты

Топтың сақтандыру тәуекелін басқару қызметтің маңызды аспектісі болып табылады. Топ сақтандыру шарттары бойынша төлемдердің соңғы шамасы не оларды жүзеге асыру уақыты әртүрлі факторлардың – кінә қою жиілігінің, кінә қою мөлшерінің, реттеудің ұзақ кезеңі бар кінә қоюлардың дамуының әсері салдарынан Топ жүргізген бағалардан айтарлықтай ерекшеленуі мүмкін екендігіне байланысты сақтандыру тәуекеліне ұшырайды. Топ сақтандырудың түрлері арасында әртараптандыру, бизнес түрлері бойынша сақтандыру портфелі бойынша шығындарды бақылау үшін андеррайтинг рәсімдерін қолдану, сондай-ақ меншікті ұстап қалудағы тәуекелдің белгіленген көлемінен асатын мөлшерде шығындардың туындау тәуекелін азайту үшін қайта сақтандыруды пайдалану арқылы сақтандыру тәуекелін бақылауды жүзеге асырады.

(б) Сақтандыру шарттарының талаптары және өтелетін тәуекелдердің сипаты

Төменде сақтандыру шарттарына байланысты туындайтын ақша қаражатының болашақ қозғалысының сомасына, мерзіміне және белгісіздігіне елеулі әсер ететін сақтандыру шарттарының талаптары көрсетілген. Бұдан басқа, төмендегі сипаттама Топтың негізгі өнімдері және Топ тиісті тәуекелдерді басқаратын тәсілдер туралы түсінік береді.

(i) Сақтандыру шарттары – жұмыс берушінің жауапкершілігі*Өнімнің ерекшеліктері*

Қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандырудың мақсаты еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару кезінде өмірі мен денсаулығына зиян келтірілген қызметкерлердің мүліктік мүдделерін қорғауды сақтандыру төлемдерін жүзеге асыру арқылы қамтамасыз ету болып табылады.

Осы өнім бойынша кіріс сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша сыйақылардан, наразылықтарды жабуға төленген сомаларды және Топ шеккен шығындарды шегере отырып түседі. Қайтыс болған немесе оның денсаулығына залал келтірілген жағдайда қызметкерге төленуге жататын сома Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тіркелген болып табылады. Жалпы, жұмыс берушінің жауапкершілігі ұзақ мерзім аяқталған жауапкершілік ретінде қарастырылады, өйткені шағымдарды аяқтау және реттеу үшін салыстырмалы ұзақ уақыт кезеңін қамтиды.

Тәуекелдерді басқару

Осы өніммен байланысты негізгі тәуекелдер ықтимал шығындардың ықтималды сипаты, сақтандыру міндеттемелерінің сомасы мен уақытының белгісіздігі, қолданыстағы заңнаманың өзгеруі және сақтандыру қызметіне тән басқа да тәуекелдер сияқты сақтандыру қызметінің тәуекелдері болып табылады. Мәлімделген залалдардың бағалау мөлшері мынадай ақпарат негізінде есептеледі:

- қызметкер тұрақты еңбекке жарамсыздық болған жағдайда:
 - өтелуге алынған орташа жалақының (табыстың) шамасы;
 - төлем кезеңі - медициналық сараптама комиссиясы белгілеген физикалық еңбекке жарамсыздық кезеңі (ол өмір бойы еңбекке жарамсыздығы бойынша жәрдемақы болған жағдайда бірнеше жылды құрауы мүмкін);
 - еңбек ету қабілетінен айырылған жағдайда тағайындалған әлеуметтік төлемнің мөлшері;
 - қызметкердің жазатайым жағдайдағы кінәсінің дәрежесі.
- қайтыс болған жағдайда:
 - жерлеу шығындары;
 - Қазақстан Республикасының заңнамасының талаптарына сәйкес залалға өтемақы алуға құқығы бар тұлғалар саны;
 - Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес залал үшін өтемақы алуға құқығы бар адамдардың жасы;
 - өтеуге алынған орташа айлық жалақының (кірістің) шамасы;
 - сақтандыру төлемдерінің кезеңі.

Сақтандыру тәуекелін басқару негізінен баға белгілеу, өнімдердің дизайны, андеррайтинг және төлемдерді басқару арқылы жүзеге асырылады. Осылайша, Топ өз қызметін жүзеге асыратын жалпы экономикалық және коммерциялық жағдайдағы өзгерістерге мониторинг жүргізіп, жауап береді.

(ii) Сақтандыру шарттары – Мүлік*Өнімнің ерекшеліктері*

Мүлікті сақтандыру сақтанушыны оның материалдық меншігіне келтірілуі мүмкін шығыннан немесе залалдан және осы залалдан туындаған қызметті тоқтата тұрудан қандай да бір шектеулермен немесе кеңейтулермен қорғайды.

Ғимараттарға немесе ондағы мүлікке зиян келтіру жөніндегі наразылықтың себебі болып табылатын жағдай әдетте кенеттен (мысалы, өрт немесе тонау сияқты) болады және оның себебі оңай анықталады. Осылайша, шағым уақтылы ұсынылады және кідіріссіз реттелуі мүмкін. Сондықтан мүлікті сақтандыру талап-арыздың түпкілікті құнын анықтау көп уақыт алған жағдайда ұзақ мерзімді жауапкершілікпен салыстырғанда аяқталу мерзімі қысқа жауапкершілік ретінде сыныпталады.

Тәуекелдерді басқару

Осы өнімге байланысты негізгі тәуекел сақтандыру қызметі тәуекелдері, бәсекелестік және сақтандыру өтемдерін төлеу тәуекелі болып табылады.

Сақтандыру қызметі андеррайтингінің тәуекелі Топтың әртүрлі сақтандыру меншігіне сәйкес келетін сақтандыру сыйақыларын есептемейтіні болып табылады. Жеке мүлікті сақтандыруға қатысты тәуекел профилі ұқсас саны көп мүлік күтілуде. Алайда, бұл коммерциялық қызметке тән емес. Коммерциялық мүліктің көп бөлігі үшін ұсыныстар орналасқан жердің бірегей комбинациясынан, қызмет түрінен және жергілікті жерлердегі қауіпсіздік шараларынан тұратын болады. Тәуекелмен мөлшерлелетін осы сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақысын есептеу субъективті және тәуекелді болып саналады.

Топ бәсекелестік жағдайында қызметті жүзеге асырады, демек, сақтандыру шарттары бойынша сыйақыларды шығындардың жеке тәжірибесі негізінде емес, бәсекелестердің баға белгілеу стратегияларын ескере отырып, керісінше белгілейтін тәуекелге ұшырайды.

Мүлікті сақтандыру Сақтанушының жалған немесе жарамсыз талаптар беретіндігіне немесе келтірілген шығынның мәлімделген сомасын жоғарылатуына тәуекелге ұшырайды. Бұл айтарлықтай дәрежеде экономикалық жағдайдың неге мүліктік портфельдің пайдалылығымен ара қатынасын орнататынын түсіндіреді. Сақтандыру тәуекелі негізінен баға белгілеу, халықаралық стандарттарға сәйкес мүлікті тәуелсіз бағалау, өнім дизайны, тәуекелді таңдау және қайта сақтандыру арқылы басқарылады. Осылайша, Топ өз қызметін жүзеге асыратын жалпы экономикалық және коммерциялық жағдайлардағы өзгерістерге мониторинг жүргізіп, жауап береді.

Сақтандыру процесі шеңберінде тәуекелдің шоғырлануы Топтың міндеттемелеріне елеулі дәрежеде әсер етуі мүмкін нақты жағдай немесе жағдайлар сериясы болған кезде туындауы мүмкін. Мұндай шоғырлану сақтандырудың жалғыз шартына немесе байланысты сақтандыру шарттарының санының аздығына байланысты туындауы мүмкін және елеулі міндеттемелер туындауы мүмкін жағдайларға жатады.

(iii) Сақтандыру шарттары – залал келтіргенін үшін азаматтық жауапкершілік

Өнімнің ерекшелігі

Топ Қазақстан Республикасында сақтандырудың міндетті және ерікті түрі бойынша зиян келтіргені үшін азаматтық жауапкершілікті сақтандыруды жүзеге асырады. Осы сақтандыру шарттарына сәйкес сақтандырушылар үшінші тұлғалардың өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне келтірілген дене жарақаты, зиян үшін төленген кез келген ақшалай өтемақы үшін өтем алады. Жалпы, зиян келтіргені үшін жауапкершілік ұзақ мерзім аяқталған жауапкершілік ретінде қарастырылады, өйткені жазатайым оқиға болған белгілі бір жылдың талаптарын аяқтау және реттеу үшін салыстырмалы ұзақ уақыт кезеңін қамтиды.

Тәуекелдерді басқару

Осы өніммен байланысты негізгі тәуекелдер андеррайтинг тәуекелі, бәсекелестікті арттыру тәуекелі және шығындарды дұрыс бағалау тәуекелі болып табылады. Тәуекелмен мөлшерлелетін осы сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақысын есептеу субъективті және, демек, тәуекелді болып саналады. Сақтандыру тәуекелі негізінен орынды баға белгілеу, өнімнің дизайны, инвестициялық стратегияға сәйкес келетін тәуекелді таңдау, рейтинг және қайта сақтандыру арқылы басқарылады. Осылайша, Топ өз қызметін жүзеге асыратын жалпы экономикалық және коммерциялық жағдайлардағы өзгерістерге мониторинг жүргізіп, жауап береді.

(iv) Сақтандыру шарттары – Жазатайым оқиғалардан сақтандыру

Өнімнің ерекшеліктері

Жазатайым оқиғадан сақтандырудың мақсаты жазатайым оқиғалардың басталуына және өмірі мен денсаулығына зиян келтірілуіне байланысты сақтанушылардың мүліктік мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету болып табылады. Осы өнім бойынша кіріс сақтандыру және қайта сақтандыру бойынша сыйақылардан, наразылықтарды жабуға төленген сомаларды және Топ шеккен шығындарды шегере отырып түседі. Қайтыс болған, мүгедектік белгіленген немесе денсаулыққа залал келтірілген жағдайда сақтанушыға төлеуге жататын сома тіркелген болып табылады.

Сақтандыру жағдайлары бірінші, екінші, үшінші топ мүгедектігі және жазатайым оқиға салдарынан қайтыс болу болып табылады. Сақтандырушы жауапты болмайтын сақтандыру оқиғаларынан бірқатар ерекшеліктер бар, мұндай ерекшеліктердің қатарында кәсіби ауруды қоса алғанда, кез келген аурудан мүгедектік немесе өлім бар.

Тәуекелдерді басқару

Сақтандырудың осы түрімен байланысты негізгі тәуекелдер андеррайтинг және бәсекелестік тәуекелі болып табылады.

Сақтандыру қызметі андеррайтингінің тәуекелі дұрыс емес тарифтік мөлшерлемелерді пайдалану (төмендетілген тарифтер – шығындарға әкелуі мүмкін, жоғарылған тарифтер бизнесті жоғалтуға әкеп соғуы мүмкін) және антиселекция мүмкіндігі болып табылады. Осы тәуекелдерді болдырмау үшін Топ әлеуетті клиенттерді өлім-жітімге (жазатайым оқиғаға) қатысты біртекті компанияға бөледі және осы бөлшектеуге сәйкес шешімдер қабылдайды. Тарифтерді анықтау және сақтандыруға қабылдау туралы шешім қабылдау кезінде мынадай факторлар ескеріледі: сақтандырылған адамның қызметінің түрі, жасы, қауіпті қызығушылығы, шарт жасалғанға дейін жарақаттың болуы, көліктің болуы, ЖҚЕ бұзылуының саны және т.б. осындай ақпаратты талдау жоғары жарақат алған адамдарды ажыратуға мүмкіндік береді. Топ бәсекелестік жағдайында қызметті жүзеге асырады, демек, сақтандыру шарттары бойынша сыйақыларды шығындарды көтерудің жеке тәжірибесі негізінде емес, бәсекелестердің баға белгілеу стратегияларын ескере отырып, ең алдымен белгілейтін тәуекелге ұшырайды.

Сақтандыру тәуекелін басқару негізінен баға белгілеу, өнімдердің дизайны, андеррайтинг және төлемдерді басқару арқылы жүзеге асырылады. Осылайша, Топ өз қызметін жүзеге асыратын жалпы экономикалық және коммерциялық жағдайдағы өзгерістерге мониторинг жүргізіп, жауап береді.

(v) Сақтандыру шарттары – Өмірді сақтандыру

Өнімнің ерекшеліктері

Өмірді сақтандырудың мақсаты қайтыс болуына байланысты сақтандырылған адамның мүліктік мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету болып табылады. Осы өнім бойынша кіріс шығындарды реттеуге, сондай-ақ агенттік сыйақыны төлеуге топ шеккен кінә қоюлар мен шығындарды жабуға төленген соманы шегере отырып, сақтандыру бойынша сыйақыдан түседі. Қайтыс болған жағдайда сақтанушыға төлеуге жататын сома тіркелген болып табылады.

Жазатайым оқиға салдарынан қайтыс болуды қоспағанда, кез келген себеп бойынша өлім сақтандыру жағдайы болып табылады. Сақтандырушы жауап бермейтін сақтандыру оқиғаларынан бірқатар ерекшеліктер бар. Мысалы, егер сақтандыру жағдайы ядролық жарылыстың, радиацияның немесе радиоактивтік зақымданудың, әскери іс-қимылдардың, сақтандырылған адамның өз денсаулығына қасақана (қасақана) зиян келтірудің, індетті, оның ішінде COVID-19 коронавирустық инфекциясын тудырған аурудың және басқа да зардаптардың салдарынан тікелей немесе жанама сақтандыру қорғанысының қолданылу кезеңінде басталған болса, сақтандырушы сақтандыру төлемін жүзеге асырудан босатылады.

Тәуекелдерді басқару

Сақтандырудың осы түрімен байланысты негізгі тәуекел андеррайтинг және бәсекелестік тәуекелі болып табылады. Сақтандыру қызметі андеррайтингінің тәуекелі дұрыс емес тарифтік ставкаларды (төмендетілген тарифтер бизнесті жоғалтуға әкеп соққан шығындарға әкелуі мүмкін) пайдалану және антиселекция мүмкіндігі болып табылады. Осы тәуекелдерді болдырмау үшін, топ әлеуетті клиенттерді өлім-жітімге қатысты біртекті бөлуге бөледі және осы бөлшектеуге сәйкес шешімдер қабылдайды. Өлім - жітім деңгейі шарт түріне сәйкес ел және сала бойынша статистикалық деректерге негізделген. Тарифтерді анықтау және сақтандыруға қабылдау туралы шешім қабылдау кезінде мынадай факторлар ескеріледі: сақтандырылған адамның қызмет түрі, жасы, қауіпті қызығушылығы, шарт жасалғанға дейін жарақаттың болуы, көліктің болуы, ЖҚЕ бұзылуының саны және т. б. осындай ақпаратты талдау жоғары тәуекелге ұшыраған адамдарды алып тастауға мүмкіндік береді.

Топ қызметін қатаң бәсекелестік жағдайында жүзеге асырады және тиісінше, шығындарды көтерудің жеке тәжірибесі негізінде емес, бәсекелестердің баға белгілеу стратегиясын ескере отырып, сақтандыру шарттары бойынша сыйақыларды белгілейтін тәуекелге ұшырайды.

(vi) Сақтандыру шарты – Зейнетақы аннуитеті

Өнімнің ерекшеліктері

Сақтанушы (зейнетақы төлемдерін алушы) зейнетақы жинақтарының сомасын топқа аударатын сақтандыру шарты. Сақтандыру тобы сақтанушының (зейнетақы төлемдерін алушының) және (немесе) сақтандырылған тұлғалардың пайдасына өмір бойы немесе белгілі бір уақыт кезеңі ішінде мерзімдік (ай сайынғы негізде) төлемдерді жүзеге асыруға міндеттенеді.

Зейнетақы аннуитеті ұзақ мерзімді өнім болып табылатындықтан, Топ табысты бір мезгілде алынған сыйлықақыны сақтандыру тарифін есептеу кезіндегіден жоғары табыстылығы бар бағалы қағаздарға орналастыру есебінен қалыптастырады және төлемдер аннуитеттің қолданылу мерзімі ішінде ай сайын жүзеге асырылады. Сонымен қатар, аннуитет қайтыс болған жағдайда, кепілдендірілген төлемдерді қоспағанда, зейнетақы жинақтарының (қалыптастырылған резерв) қалдығы топтың кірісіне өтеді, бұл төлемдер болған кезде топ кепілдендірілген төлемдер мерзімінің соңына дейін резервті қалыптастырады және аннуитеттің мұрагерлеріне одан әрі төлейді, қалған резерв топтың пайдасына өтеді.

Зейнетақы аннуитеті шартының түрлері:

- өмір бойы кепілдік берілген төлем кезеңсіз:
 - төлемдер сақтанушының өмір бойы ай сайын жүзеге асырылады;
 - Сақтанушы қайтыс болған жағдайда төлемдер мұрагерлердің болуына немесе жинақ сомасының қалдығына қарамастан тоқтатылады.
- кепілдендірілген төлем кезеңімен өмір бойы:
 - төлемдер сақтанушының өмір бойы ай сайын жүзеге асырылады;
 - Сақтанушы қайтыс болған жағдайда, сақтанушы оларды толық көлемде алмаса, не тірі кезінде алмаған жағдайда төленбеген кепілді сақтандыру төлемдерін зейнетақы аннуитеті шартында көрсетілген тұлға алады.

Зейнетақы аннуитеті шарты «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» заң шеңберінде жасалады. Шарттың үлгілік нысаны Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының «зейнетақы аннуитетінің үлгілік шартын бекіту, зейнетақы аннуитеті шарты бойынша сақтандыру ұйымынан сақтандыру сыйлықақысын және сақтандыру төлемін есептеу әдістемесін, сақтандыру ұйымының жасалатын зейнетақы аннуитеті шарттары бойынша істі жүргізуге арналған шығыстарының жол берілетін деңгейін, сондай-ақ сақтандыру төлемін индексстеу мөлшерлемесін белгілеу туралы» 2015 жылғы 20 қазандағы № 194 қаулысымен белгіленген.

Тәуекелдерді басқару

Негізгі тәуекелдер өлім кестелерінің өзгеруі нәтижесінде туындайды. Өлім-жітім ставкалары уәкілетті орган бекіткен өлім-жітім кестелеріне негізделген. Егер өлім мен түрдің ықтималдығы азаятын/ұлғаятын болса, онда бұл аннуитеттік сақтандыру шарты бойынша міндеттемелердің ұлғаюына/азаяуына алып келуі мүмкін.

Пайыздық мөлшерлемелерді бағалау нарықтық мөлшерлемелер негізінде айқындалады және осылайша нарықтық мөлшерлемелердегі өзгерістер резервтер мөлшеріне әсер етеді. Топ аннуитет шарттары бойынша алынған сыйлықақыны шарт бойынша төлемдерді индекстеу мөлшерлемелерінен жоғары сыйақы мөлшерлемесімен мемлекеттік бағалы қағаздарға орналастыру арқылы осы тәуекелді басқарады.

Сондай-ақ топ тұрақты мониторинг жүргізеді және өз қызметін жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының заңнамасындағы, жалпы экономикалық және коммерциялық шарттардағы өзгерістерге әрекет етеді және қажет болған жағдайда аннуитет шарттары бойынша сақтандыру сыйлықақысын есептеу үшін пайдаланылатын көрсеткіштерге түзетулер енгізеді.

(в) Сақтандыру тәуекелдерін шоғырландыру

Топ тап болатын сақтандыру тәуекелінің негізгі аспектісі сақтандыру тәуекелінің шоғырлану дәрежесі болып табылады, ол белгілі бір жағдай немесе оқиғалар сериясы Топтың міндеттемелеріне елеулі дәрежеде әсер етуі мүмкін. Мұндай шоғырлану сақтандырудың жалғыз шартына немесе сақтандыру шарттарының аз болуына байланысты туындауы мүмкін және елеулі міндеттемелер туындауы мүмкін жағдайларға жатады.

Сақтандыру тәуекелін шоғырландырудың маңызды аспектісі - ол шарттардың жеке кластар немесе сериялардың белгілі бір саны шеңберінде тәуекелдерді жинақтау нәтижесінде туындауы мүмкін. Тәуекелдің шоғырлануы зиян ауырлығының жоғары дәрежесі бар оқиғалар, сондай-ақ табиғи апаттар сияқты туындау жиілігі төмен оқиғалар нәтижесінде және андеррайтинг белгілі бір географиялық жағдай немесе демографиялық үрдіс сияқты белгілі бір топпен шектелетін жағдайларда туындауы мүмкін.

Топтың осы тәуекелдерді басқарудың негізгі әдістері екі есе. Біріншіден, тәуекел тиісті андеррайтинг арқылы басқарылады. Егер күтілетін пайда қабылданатын тәуекелдерге сәйкес келмесе, андеррайтерлерге тәуекелдерді сақтандыруға рұқсат етілмейді. Екіншіден, тәуекел қайта сақтандыруды пайдалану жолымен басқарылады. Топ міндеттемелер мен мүлікті сақтандыру жөніндегі қызметтің әртүрлі санаттары үшін қайта сақтандыру бойынша өтеуді сатып алады. Топ тұрақты негізде қайта сақтандыру бағдарламасына байланысты шығындар мен пайданы бағалайды.

(г) Тәуекелге жалпы жиынтық бейімділік

Топ тәуекел шоғырлануына қатысты қабылдауға дайын тәуекелге жалпы жиынтық бейімділігін белгілейді. Ол тәуекелді бағалау кезінде де, Топ ұшырайтын негізгі жиынтық тәуекелдерді көрсететін есептерді зерделеу жолымен ай сайынғы негізде де осы бейімділікке бақылауды жүзеге асырады.

Топ қайта сақтандыру және Топ ұшырайтын таза әсер бойынша бағдарламалардың тиімділігін өлшеу мақсатында жиынтық тәуекелдерге бақылау жүргізу үшін модельдеудің бірнеше құралдарын пайдаланады.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топта қолданыста 1,622,808 сақтандыру шарты болды (2021 жылғы 31 желтоқсанға: 1,395,721 сақтандыру шарты).

(i) Қызметтің әр түрлі бағыттарында тәуекелге ұшырау

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша негізгі белгіленген шоғырлану былайша ұсынылды:

| мың тенге | Жалпы сақтандыру сомасы | Қайта сақтандыру сомасы | Меншікті ұстау (қайта сақтандырудан кейін) |
|--|-------------------------|-------------------------|--|
| Сақтандыру түрі | | | |
| Мүлік – ерікті | 4,684,921,782 | (1,322,358,089) | 3,362,563,693 |
| Азаматтық жауапкершілік – ерікті | 459,040,552 | (98,578,986) | 360,461,566 |
| Автокөлікті сақтандыру – ерікті | 454,247,586 | - | 454,247,586 |
| Жазатайым оқиғалардан – ерікті | 352,579,709 | - | 352,579,709 |
| Автокөлік құралдары иелерінің азаматтық жауапкершілігі – ерікті | 50,916,059 | - | 50,916,059 |
| Су жолы көлігі иелерінің азаматтық жауапкершілігі – ерікті | 1,390,003,000 | (1,238,255,500) | 151,747,500 |
| Медициналық сақтандыру – ерікті | 57,114,410 | - | 57,114,410 |
| Әуе жолы көлігі иелерінің азаматтық жауапкершілігі – ерікті | 38,000 | - | 38,000 |
| Жүктер – ерікті | 151,999,830 | (3,951,062) | 148,048,768 |
| Су жолы көлігі – ерікті | 9,272,768 | - | 9,272,768 |
| Әуе жолы көлігі – ерікті | 6,083,283 | - | 6,083,283 |
| Өмірді сақтандыру – ерікті | 17,041,096 | - | 17,041,096 |
| Өзге де ерікті сақтандырулар | 198,411,984 | - | 198,411,984 |
| Жолаушылар алдындағы тасымалдаушының азаматтық жауапкершілігі – міндетті | 3,697,440,075 | - | 3,697,440,075 |
| Жұмыс берушінің жауапкершілігі – міндетті | 1,250,515,157 | - | 1,250,515,157 |
| Өзге міндетті сақтандырулар | 102,206,869 | - | 102,206,869 |
| Барлығы | 12,881,832,160 | (2,663,143,637) | 10,218,688,523 |

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша негізгі белгіленген шоғырлану былайша берілген:

| мың тенге | Жалпы сақтандыру сомасы | Қайта сақтандыру сомасы | Меншікті ұстау (қайта сақтандырудан кейін) |
|--|-------------------------|-------------------------|--|
| Сақтандыру түрі | | | |
| Мүлік – ерікті | 3,585,421,089 | (726,200,283) | 2,859,220,806 |
| Азаматтық жауапкершілік – ерікті | 418,444,165 | (23,786,454) | 394,657,711 |
| Автокөлікті сақтандыру – ерікті | 280,470,675 | - | 280,470,675 |
| Жазатайым оқиғалардан – ерікті | 343,354,722 | - | 343,354,722 |
| Автокөлік құралдары иелерінің азаматтық жауапкершілігі – ерікті | 46,279,804 | - | 46,279,804 |
| Су жолы көлігі иелерінің азаматтық жауапкершілігі – ерікті | 1,155,008,000 | (1,144,942,125) | 10,065,875 |
| Медициналық сақтандыру – ерікті | 49,285,414 | - | 49,285,414 |
| Әуе жолы көлігі иелерінің азаматтық жауапкершілігі – ерікті | 707,720,875 | (679,830,865) | 27,890,010 |
| Жүктер – ерікті | 149,123,754 | (52,739,435) | 96,384,319 |
| Су жолы көлігі – ерікті | 10,748,437 | - | 10,748,437 |
| Әуе жолы көлігі – ерікті | 171,439,869 | (96,643,570) | 74,796,299 |
| Өмірді сақтандыру – ерікті | 19,267,386 | - | 19,267,386 |
| Өзге де ерікті сақтандырулар | 183,646,603 | (1,557,485) | 182,089,118 |
| Жолаушылар алдындағы тасымалдаушының азаматтық жауапкершілігі – міндетті | 3,021,625,026 | - | 3,021,625,026 |
| Жұмыс берушінің жауапкершілігі – міндетті | 964,884,189 | - | 964,884,189 |
| Өзге міндетті сақтандырулар | 71,045,513 | - | 71,045,513 |
| Барлығы | 11,177,765,521 | (2,725,700,217) | 8,452,065,304 |

(ii) Елдердегі тәуекелдердің әсеріне ұшырауы

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ Қазақстан Республикасынан басқа келесі елдерде тәуекелдерге тап болады:

| мың теңге | Жалпы сақтандыру сомасы | Қайта сақтандыру сомасы | Меншікті ұстау (қайта сақтандырудан кейін) |
|--|-------------------------|-------------------------|--|
| Ел | | | |
| Америка Құрама Штаттары | 350,374,492 | - | 350,374,492 |
| Ұлыбритания | 262,675,438 | - | 262,675,438 |
| Словения | 152,612,915 | - | 152,612,915 |
| Үндістан | 151,360,003 | - | 151,360,003 |
| Тайвань | 92,713,495 | - | 92,713,495 |
| Швейцария | 80,733,361 | - | 80,733,361 |
| Сингапур | 77,713,313 | - | 77,713,313 |
| Бермуды | 76,293,447 | - | 76,293,447 |
| Түркия | 21,918,960 | - | 21,918,960 |
| Ресей | 14,574,451 | - | 14,574,451 |
| Өзбекстан | 2,447,328 | - | 2,447,328 |
| Қытай | 413,185 | - | 413,185 |
| Басқа елдер | 393,676,798 | (12,282,994) | 381,393,804 |
| Жалпы тәуекелге ұшырау (Қазақстаннан басқа) | 1,677,507,186 | (12,282,994) | 1,665,224,192 |
| Қазақстан | 11,204,324,974 | (2,650,860,643) | 8,553,464,331 |
| Жиыны | 12,881,832,160 | (2,663,143,637) | 10,218,688,523 |

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топ Қазақстан Республикасынан басқа келесі елдерде тәуекелдерге тап болады:

| мың теңге | Жалпы сақтандыру сомасы | Қайта сақтандыру сомасы | Меншікті ұстау (қайта сақтандырудан кейін) |
|--|-------------------------|-------------------------|--|
| Ел | | | |
| Америка Құрама Штаттары | 382,199,301 | - | 382,199,301 |
| Ұлыбритания | 167,190,105 | - | 167,190,105 |
| Словения | 82,338,989 | - | 82,338,989 |
| Үндістан | 143,007,443 | - | 143,007,443 |
| Тайвань | 80,942,370 | - | 80,942,370 |
| Швейцария | 58,777,801 | - | 58,777,801 |
| Сингапур | 57,497,923 | - | 57,497,923 |
| Бермуды | 68,301,247 | - | 68,301,247 |
| Түркия | 7,601,500 | - | 7,601,500 |
| Ресей | 63,794,675 | - | 63,794,675 |
| Өзбекстан | 1,763,477 | - | 1,763,477 |
| Қытай | 3,007,504 | - | 3,007,504 |
| Басқа елдер | 346,058,594 | (10,526,530) | 335,532,064 |
| Жалпы тәуекелге ұшырау (Қазақстаннан басқа) | 1,462,480,929 | (10,526,530) | 1,451,954,399 |
| Қазақстан | 9,715,284,592 | (2,715,173,687) | 7,000,110,905 |
| Жиыны | 11,177,765,521 | (2,725,700,217) | 8,452,065,304 |

(iii) Апатты оқиғалар тәуекеліне ұшырау

Топтың елеулі шығынының ең үлкен ықтималдығы, мысалы, Алматыдағы жер сілкінісінің салдарынан болған шығын сияқты апатты оқиғалар нәтижесінде пайда болады. Топ дүлей апаттарды модельдеу әдістеріне және барынша ықтимал залалды моделдеуге ықпал ететін бағдарламалық қамтамасыз етуге (ХБЖ) ие емес. Алайда, Топ өзінің шығындарына баға берді, оның пікірінше, Алматыда орналасқан мүлікті сақтандырудың қолданыстағы шарттары бойынша жалпы жауапкершіліктің 10%-нан аспайтын болады.

2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша негізгі белгіленген шоғырлану былайша ұсынылды:

| мың теңге Апатты оқиғалар | Жалпы сақтандыру сомасы | Модельденген ХЖҚ (қайта сақтандыруға дейін) | Меншікті ұстау (қайта сақтан- дырудан кейін) |
|---|-------------------------------|--|--|
| Алматы қаласында Рихтер шкаласы бойынша 7 балдан жоғары жер сілкінісі | 294,380,877 | 29,438,088 | 12,735,000 |

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша негізгі белгіленген шоғырлану:

| мың теңге Апатты оқиғалар | Жалпы сақтандыру сомасы | Модельденген ХЖҚ (қайта сақтандыруға дейін) | Меншікті ұстау (қайта сақтан- дырудан кейін) |
|---|-------------------------------|--|--|
| Алматы қаласында Рихтер шкаласы бойынша 7 балдан жоғары жер сілкінісі | 341,482,135 | 34,148,214 | 11,925,000 |

(д) **Залалдар тарихы**

Топ сақтандыру шарттары бойынша резервтерді есептеу үшін статистикалық әдістерді пайдаланады. Жұмыс берушінің азаматтық жауапкершілігін қоспағанда, барлық сақтандыру шарттары бойынша талаптардың сомасы мен мерзіміне қатысты белгісіздік, әдетте бір жыл ішінде рұқсат етіледі.

Осы кесте өткен кезеңдерде төленбеген шығындарды бағалаудың жеткіліктілігіне тарихи шолу ұсынса да, осы шоғырландырылған қаржылық есептілікті пайдаланушылар өткен кезеңдердің артық болуын немесе тапшылығын ағымдағы кезеңнің төленбеген залалдар балансына экстраполяциялау кезінде сақтықты сақтауы тиіс. Топ 2021 жылдың соңындағы жағдай бойынша жалпы жабылмаған шығындар дұрыс бағаланған деп санайды. Алайда, белгісіздік резервтерін қалыптастыру процесіне тән болғандықтан, осы бағалаулар сайып келгенде тепе-тең болады деген абсолюттік сенімділік жоқ.

Залалдың дамуын талдау (брутто) - барлығы

| мың теңге | Залал болған жыл | | | | | | | Жиыны | |
|--|-------------------|-------------------|-------------------|-------------------|-------------------|-------------------|-------------------|-------------------|--------------------|
| | 2015 ж. | 2016 ж. | 2017 ж. | 2018 ж. | 2019 ж. | 2020 ж. | 2021 ж. | | 2022 ж. |
| Кумулятивтік шығынның бағалануы | | | | | | | | | |
| Жыл соңындағы залал | 30,035,409 | 18,542,646 | 31,365,755 | 34,499,203 | 37,238,926 | 40,994,585 | 84,139,607 | 85,301,156 | 85,301,156 |
| - бір жылдан кейін | 26,323,879 | 17,720,010 | 39,127,306 | 33,737,387 | 34,898,874 | 29,307,000 | 84,493,434 | - | 84,493,434 |
| - екі жылдан кейін | 26,066,461 | 15,805,837 | 38,065,802 | 34,870,732 | 28,809,733 | 27,240,470 | - | - | 27,240,470 |
| - үш жылдан кейін | 24,118,674 | 13,979,245 | 38,251,901 | 32,188,600 | 28,349,388 | - | - | - | 28,349,388 |
| - төрт жылдан кейін | 22,414,597 | 13,931,040 | 37,348,153 | 32,214,756 | - | - | - | - | 32,214,756 |
| - бес жылдан кейін | 22,393,907 | 13,528,781 | 37,030,806 | - | - | - | - | - | 37,030,806 |
| - алты жылдан кейін | 22,229,369 | 13,404,490 | - | - | - | - | - | - | 13,404,490 |
| - жеті жылдан кейін | 22,110,572 | - | - | - | - | - | - | - | 22,110,572 |
| 2022 жылғы 31 желтоқсандағы жағдайы бойынша кумулятивтік залал бағасы | 22,110,572 | 13,404,490 | 37,030,806 | 32,214,756 | 28,349,388 | 27,240,470 | 84,493,434 | 85,301,156 | 330,145,072 |
| 2022 жылдың 1 желтоқсанындағы жағдайы бойынша кумулятивтік төлемдер | (21,616,550) | (12,926,217) | (36,147,723) | (29,972,893) | (24,772,003) | (18,785,922) | (43,729,812) | (20,650,405) | (208,601,525) |
| 2015 жылға дейін болған сақтандыру жағдайлары бойынша төленбеген шығындар бойынша міндеттемелердің барлығы | - | - | - | - | - | - | - | - | 1,820,849 |
| 2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдайы бойынша төленбеген залал бойынша міндеттемелердің барлығы | 494,022 | 478,273 | 883,083 | 2,241,863 | 3,577,385 | 8,454,548 | 40,763,622 | 64,650,751 | 123,364,396 |

5 Сыйақы

| | Міндетті сақтандыру | | | Ерікті сақтандыру | | | | | Барлығы | | | |
|--|--------------------------------|-------------------------------------|---------------------------|--------------------|------------------------|-------------------|--------------------------------|------------------|------------------|--------------------|---------------------|-------------------------|
| | Жұмыс берушінің жауапкершілігі | Көлік құралы иесінің жауапкершілігі | Басқа міндетті сақтандыру | Мүлкті сақтандыру | Медициналық сақтандыру | Әуе/су/автокөлігі | Жазатайым жағдайдан сақтандыру | Жалпы сақтандыру | | Өмірді сақтандыру | Зейнетақы аннуитеті | Басқа ерікті сақтандыру |
| 2022 ж. мың теңге | 13,123,132 | 27,518,611 | 1,198,529 | 86,555,797 | 4,429,173 | 11,462,903 | 2,845,489 | 16,628,358 | 7,316,710 | (3,027,910)* | 3,253,393 | 171,304,185 |
| Есептелген сақтандыру сыйлықақылары, брутто | | | | | | | | | | | | |
| Аққұла сыйлықақылар бойынша резервтегі өзгеріс, брутто | (3,722,253) | (2,971,893) | (123,044) | (3,284,514) | (350,820) | (954,726) | 822,559 | (11,388,790) | - | - | 138,115 | (21,835,366) |
| Еңбекпен табылған сақтандыру сыйақылары, брутто | 9,400,879 | 24,546,718 | 1,075,485 | 83,271,283 | 4,078,353 | 10,508,177 | 3,668,048 | 5,239,568 | 7,316,710 | (3,027,910) | 3,391,508 | 149,468,819 |
| Шегеру: Қайта сақтандырушыларға өткізілген сақтандыру сыйақылары | - | - | - | (9,292,845) | - | (626,036) | 17,392 | (336,310) | - | - | (109,251) | (10,347,050) |
| Аққұла сыйақылары брутто резервтерінің өзгеруіндегі қайта сақтандырушылардың үлесі | - | - | - | 420,540 | - | 24,555 | - | 10,424 | - | - | (24,995) | 430,524 |
| Қайта сақтандырушыларға берілген еңбекпен табылған сақтандыру сыйақылары | - | - | - | (8,872,305) | - | (601,481) | 17,392 | (325,886) | - | - | (134,246) | (9,916,526) |
| Еңбекпен табылған сақтандыру сыйақылары, нетто | 9,400,879 | 24,546,718 | 1,075,485 | 74,398,978 | 4,078,353 | 9,906,696 | 3,685,440 | 4,913,682 | 7,316,710 | (3,027,910) | 3,257,262 | 139,552,293 |

2022 жыл ішінде есептелген сақтандыру сыйақылары, брутто 110,400,671 мың теңге көлемінде тікелей сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сыйақыдан және 60,903,514 мың теңге мөлшерінде кіріс қайта сақтандыру шарттары бойынша қабылданған сыйақыдан (2021 жыл: 99,407,387 мың теңге және 52,642,218 мың теңге, тиісінше) тұрды.

* Топ 2022 жыл ішінде 441 зейнетақы аннуитеті шартын жасасты, олар бойынша сақтандыру сыйлықақыларының жалпы сомасы 4,796,999 мың теңгені құрады. Бұл ретте аталған кезең ішінде Топ 560 зейнетақы аннуитеті шартын бұзды, олар бойынша сақтандыру сыйлықақыларының жалпы сомасы 7,824,909 мың теңгені құрады.

| | Міндетті сақтандыру | | | Ерікті сақтандыру | | | | | | Барлығы | | |
|--|--------------------------------|-------------------------------------|---------------------------|-------------------|------------------------|-------------------|--------------------------------|------------------|-------------------|------------|---------------------|-------------------------|
